



## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫН БАҚЫЛАУҒА АЛУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Үкіметтің су тасқыны салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға көмек көрсету үшін атқарып жатқан жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Премьер-Министрдің орынбасары бүгінде 64 мыңнан астам адам өз үйлеріне оралғанын айтты. Эвакуациялық пункттерде тұрғындарға қажетті көмек көрсетілуде. Табиғат апаты кезінде жалпы 11 998 тұрғын үйді, 5 359 саяжай құрылысын су басқан. Қанат Бозымбаевтың айтуынша, зардап шеккен өңірлерде 16 715 үй тексеруден өткен. Оның ішінде 15 464 нысанды бағалау жұмыстары аяқталған. Бағалау нәтижесі бойынша



9 903 үйді жөндеуге болады, ал 6 875 үй қалпына келтіру жарамсыз деп танылды. Жарамсыз үйлердің орнына нарықтан 4 525 үй мен пәтер сатып алу, сондай-ақ типтік жобамен 2 350 үй салу жоспарланып отыр.

Бүгінде нарықтан 1 814 пәтер мен үй сатып алу үшін келісімшарттар жасалған. Зардап

шеккен аймақтардағы 841 отбасы бұрынғы бұзылған үйлерінің орнына жаңа баспанаға қоныстанды. Қазір 4 521 отбасы үйлерін жөндеу және қалпына келтіру мақсатында 57,4 миллиард теңге көлемінде өтемақы алды. Жалпы, тұрғын үйлерді қалпына келтіруге 237 миллиард теңге қажет. Сонымен қатар Мемлекет басшысына бірреттік төлемдерді төлеу үшін Үкімет тарапынан қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды. 2024 жылғы 6 маусымдағы жағдай бойынша 31 642 отбасы 100 АЕК мөлшерінде бірреттік төлемақы алды (барлығы 32 440 отбасыдан өтініш түсті). Оған жұмсалған қаржы сомасы 11 миллиард теңгеден асады.

Бұл бағыттағы жұмыстар Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Абай, Ұлытау облыстарында толық аяқталды. Ал Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Атырау облыстарында төлем беру жалғасып жатыр.

Бүлінген дүние-мүлікке жүргізілген бағалау ісі аяқталғаннан кейін зардап шеккен тұрғындарға ең қажетті заттар сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша өтемақы төленеді (5 489 отбасы 4 миллиард теңге көлемінде өтемақы алды).

Зардап шеккен бизнеске келтірілген залалды өтеу жұмыстары басталды.

Қазіргі уақытта өңірлік комиссиялар шағын және орта бизнес субъектілерінің жалпы сомасы шамамен 377 миллион теңге болатын 34 өтінімін қарап, мақұлдады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы зардап шеккен тұрғын үйлерді бағалау, техникалық тексеру жүргізу ісін жеделдетуді, сондай-ақ оларды салу мерзімі мен құрылыс сапасын бақылауға алуды тапсырды.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» СЕНЕН БАСТАЛАДЫ



Елімізде кең ауқымды «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, 8 сәуірден бері қолға алынған бұл бастама бірреттік акция болып қалмайды. Сонысымен де ол қазақстандықтардың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға ұқыпты қарау көзқарасын нығайта түсетін болады.



### ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ СИПАТЫ БАР ШАРА

Бастапқыда Президенттің тапсырмасымен 8 сәуір мен 13 мамыр аралығында жарияланған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы бүгінде жалпыхалықтық сипат алып келеді. Өйткені межелі уақыт біткенімен, көше тазалығына атсалысамын деген ұжымдар мен еріктілердің қатары көбеймесе, азаймай тұр. Тіпті, халықтық екпінмен жылдарға жалғасқандай сынайы бар. Өйткені белгілі спорт-

шылар, өнер жұлдыздары, танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, депутаттар, әкімдіктер мен министрліктердің қызметкерлері, кәсіпорындар мен ұйымдардың ұжымдары және тағы да басқа ел өміріне бейжай қарай алмайтын замандастарымыздың ынтасы жоғары. Ал солардың барлығынан да жастардың арыны басым. Бұл болашақ саналы ұрпақ қалыптасып келе жатқанын білдірсе керек. Ал ол идеяны көтеріп отырған, ең бірінші кезекте Президентіміз.


(Жалғасы 4-бетте)

## ЖЕТІМНІҢ КӨЗІ ЖАСТЫ ЕКЕН...

«Жерде жетім жыласа, көкте періште күңіренеді» дейді. Бірақ біздің қоғам жетімнің көз жасы мен обалы дегенді ұмытып кетіпті. Тастанды бала, сатылған бала, енді зорлық пен қорлыққа көнген бала мәселесі ушығып тұр. Ұлытауда 3 баланы 5 жыл бойы құлдықта ұстаған сұмдық ұмытылмай жатып, Шымкентте 6 баланы жылдар бойы қорлап, мысықтың еті мен зәрін берген отбасы туралы ақпарат жанды түршіктірді. » 6



### ҚАЙТА ОРАЛҒАН КЕРТАҒЫ



7  
БЕТ

### САТИРАНЫҢ САЙЫПҚЫРАН САРДАРЫ



14-15  
БЕТТЕР



## ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖЕДЕЛДЕТУ МАҢЫЗДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Алматы қаласы мәслихатының депутаттарымен, ҚХА мүшелерімен, жергілікті жұртшылықпен және студенттермен кездесті. Кездесулер кезінде Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың шаһарда орындалу барысы, заң шығару қызметіндегі міндеттер және Сенат пен мәслихаттардың бірлескен жұмысының жаңа форматы талқыланды. Сондай-ақ сенаторлар Astana Motors зауытының жаңа блогының құрылысымен танысты және өндіріс орнының еңбек ұжымымен аталған нысанның даму перспективаларын талқылады.

Палата Спикері атап өткендей, Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында және Ұлттық құрылтайда белгілеп берген міндеттерді сапалы іске асыру барлық деңгейдегі депутаттардың кешенді әрі жүйелі өзара іс-қимылын талап етеді. Сондықтан мәслихат депутаттарымен кездесуде жергілікті өкілді органдарды заң шығару жұмысына жұмылдыру мәселесіне баса мән берілді. Мұндай кадам жаңа экономикалық модельге көшу аясында әлеуметтік-экономикалық саланы дамытуға, агроөнеркәсіптік кешенді ілгерілетуге, суресурстарын ұтымды пайдалануға және инфрақұрылымды жетілдіруге тың серпін беруге тиіс.

«Мемлекет басшысының Экономика-нырықтандыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығы экономиканы әртараптандыру және отандық бизнес-ахуалды жақсарту үшін елдегі экономикалық реформаларды жеделдетуді көздейді. Экономикалық өсуді ынталандыру жолында инфрақұрылымды дамыту айрықша маңызға ие. Биыл елімізде жылу желілерін жаңғырту, автожолдарды реконструкциялау және салу бағытында ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік аз қамтылған санаттағы азаматтар үшін жаңа тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Осындай кезеңде экономикада құрылымдық өзгерістерді дәйекті түрде жүргізу қажет. Бұл ретте оның тиімділігін арттыру, отандық өндірушілерді қолдау, экономикаға мемлекеттің тікелей қатысуын қысқарту сияқты міндеттердің маңызы зор. Осы бағытта бәріміз бірлесіп, нәтижелі жұмысымызды әрі қарай жалғастыруымыз керек», – деді палата Төрағасы.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Алматы Қазақстанның ірі қаржы және іскерлік орталығы ретінде елдің экономикалық дамуында ерекше орын алатынын айтты. Ол қаланың әлеуетін толық пайдалану үшін барлық мүдделі тарап күш біріктіру қажет екенін де тілге тиек етті. Алайда елеулі жетістіктерге қарамастан, шаһардың дамуына және бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізетін мәселелер де бар. Кездесуде оларды шешу жолдары да сөз болды.

Сонымен қатар сапар барысында сенаторлар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушыларымен және студенттерімен кездесті. Жиынға

қатысушылар Мемлекет басшысы Алматыда жас ғалымдармен кездесу кезінде белгілеп берген міндеттерге тоқталды. Сондай-ақ іс-шарада ғылыми кадрлар даярлау, олардың біліктілігін арттыру, зерттеу жобаларына әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсету, инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізу бағыттары бойынша ұсыныстар айтылды.

Сенат Төрағасы ғасырға жуық тарихы бар Университет ұлтымыздың адами капиталын дамыту және кадрлық әлеуетін нығайту жолында тарихи рөл атқарғанын, сондай-ақ ғылым мен инновацияны дамытуға үлкен ықпал етіп келе жатқанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Әділетті Қазақстан құруға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға арналған жүйелі жұмыс атқарылып жатыр. Осындай кешенді жаңғырулар аясында талантты, белсенді жастарға жүйелі түрде қолдау көрсетуге үлкен көңіл бөлініп келеді. Қазір жастардың сапалы білім алуына, олардың ғылыммен, шығармашылықпен, спортпен шұғылдануына және жас мамандарды жұмыспен қамтуға тиісті жағдай жасалып жатыр. Осы ретте Әділетті Қазақстан құру баршамыз үшін ортақ міндет екенін түсінуіміз керек. Оның сәтті іске асырылуы әр азаматтың белсенділігіне байланысты. Жастар қай кезеңде де жаңғырудың қозғаушы күші екені белгілі. Бұл – үлкен жауапкершілік. Осы жолда әрдайым бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік сияқты іргелі құндылықтарға табан тіреу қажет», – деген Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан реформалар туралы да айтып өтті.

Алматыға сапары кезінде Сенат Төрағасы Алматы қаласы әкімдігінің ғимаратына барды, сондай-ақ ТЖМ Сейсмологиялық байқау және зерттеулер ұлттық ғылыми орталығының қызметімен танысты. Одан бөлек, Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған орта мектеп-интернатының құрылысына арналған жиынға қатысты және Astana Motors зауытының жаңадан салынып жатқан блогымен танысып, өнеркәсіп орнының еңбек ұжымымен кездесті.

## МӘЖІЛІС СПИКЕРІ ТҮРКПА-НЫҢ XIII ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Әзербайжан астанасында түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТүркПА) XIII пленарлық отырысы және Ассамблея Кеңесінің отырысы өтті. Іс-шараларға Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы қатысты.

Түркі мемлекеттері парламенттері басшыларының бүгінгі кездесуі «Түркі Әлемі алдындағы жасыл көкжиектер: жасыл күн тәртібіне қол жеткізудегі парламенттердің рөлі» тақырыбына арналды.

Сапар Әзербайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиевтің парламенттер делегацияларының басшыларымен кездесуінен басталды. Әзербайжан басшысы түркі мемлекеттерінің табысты интеграциясындағы заң шығарушы органдардың рөлін атап өтті. Мәжіліс Спикері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәлемі мен жылы лебізін жеткізді.

– Бүгінде Қазақстан мен Әзербайжан байланысы үлгі боларлық деңгейде. Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Сіздің араларыңыздағы тығыз сенімді диалог – біздің табысты ынтымақтастығымыздың кепілі. Қазақстан мен Әзербайжан парламенттері де осындай сенім мен ынтымақтастық рухында жұмыс істеп жатыр деп сеніммен айта аламын, – деді Ерлан Қошанов.

ТүркПА Кеңесінің отырысында Ұйымға төрағалық етуді Әзербайжан Республикасының Милли Мәжілісі қабылдады.

Пленарлық сессияда сөз сөйлеген Ерлан Қошанов ТүркПА Қазақстанның бастамасымен түркі бірлігін нығайту үшін парламенттік алаң ретінде құрылғанын атап өтті. 15 жылдан бері ұйым бұл миссияны сәтті орындап келеді.

Жиын тақырыбының өзектілігіне тоқталған Мәжіліс Спикері жасыл энергетикаға көшу және көміртегі бейтараптығы Ұйымға қатысушы елдер үшін климаттық күн тәртібіндегі ортақ мақсат екенін атап өтті.

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұған ерекше көңіл бөліп отыр. Қазақстан климат бойынша халықаралық шарттар міндеттемелеріне қол жеткізуге бағытталған жұмысты жүргізуде. Мәселен, былтыр 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына

қол жеткізу стратегиясы бекітілді. Су және Салық кодекстері әзірленуде. Онда «Жасыл күн тәртібі» ескерілуде. Парламент бұл жұмысқа толығымен атсалысуда, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы «Жасыл Қазақстан» ұлттық бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат берді. Оның аясында экожүйені қорғау бойынша ауқымды жобалар қолға алынғанын айтып, климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі Әзербайжанның бастамаларына қолдау білдірді. Осыған байланысты Ерлан Қошанов Әзербайжанға биыл қараша айында Бакуде өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (COP29) тараптарының 29-конференциясының табысты өтуін тіледі. Сонымен бірге Мәжіліс Спикері жасыл экономика тауарлары мен қызметтерінің стандарттарына ортақ көзқарас қалыптастыру қажеттігіне назар аударды.

Кездесуде тараптар ТүркПА елдеріне арналған бірқатар модельдік заң қабылдау мәселесін де талқылады. Олардың қатарында жеке деректерді қорғау, еңбек нарығының талаптарына сай кадр даярлау, сауда өкілдіктері, айналымға шығарылатын өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасы және темекі өнімдерін пайдалануды шектеу туралы заң жобалары бар.

Ассамблеяның XIII отырысы алаңында негізгі сессиядан бөлек депутаттардың қатысуымен парламентші әйелдердің, жастар тобының, сондай-ақ ТүркПА аясындағы Парламент аппараттары басшыларының кездесулері өтті. ТүркПА-ның XIII пленарлық отырысының қорытындысы бойынша қатысушылар Баку декларациясын қабылдады.

Сондай-ақ отырыс күні парламенттер спикерлері Әзербайжан ұлтының көшбасшысы Гейдар Әлиевтің рухына тағзым етіп, Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

# САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кеше Мәжілісте «AMANAT» партиясы фракциясының жиынында депутаттар Үкімет мүшелерінің жаңа Салық кодексін әзірлеу бойынша есебін тыңдады. Депутаттар бұл ел экономикасына, әрбір кәсіпкерге және салық төлеушіге тікелей қатысы бар ең күрделі және жан-жақты талқыланатын заң жобасы екенін атап өтті.

Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы өз Жолдауында жаңа Салық кодексін әзірлеуді екі жыл бұрын тапсырғанын атап өтті. Президент салық саясаты әділ, ашық, тұрақты және барлығына бірдей түсінікті болуы керек екенін бірнеше рет атап өткен болатын.

«Бүгінде қоғам жаңа Салық заңнамасынан үлкен үміт күтеді. Жаңа заң жобасы қазіргі салық саясатына қатысты барлық мәселені шешіп, Президент жариялаған жаңа экономикалық саясаттың негізін қалауға тиіс. Салық жеңілдіктері тек фискалдық мақсаттарды көздемеуі және жекелеген салаларға лоббизм жасамауы керек. Олар болашаққа бағытталып, ел экономикасының ұзақмерзімді дамуымен өзара байланысты болуға тиіс», – деді.

Ерлан Қошанов қазіргі Салық кодексінде орта бизнесті дамытуға тиісті жағдай жасалмай отырғанын жеткізді. Керісінше, ондағы талаптар салық заңнамасын бұзып, тіпті оны айналып өтуге итермелейді.

«Орта бизнес сапалы экономиканы дамытудың нағыз қозғаушы күші болуы керек. Бұл – халықаралық тәжірибе. Бәріміз білетіндей, орта тап қаншалықты күшті болса, экономика соншалықты тұрақты және мықты болады. Сондықтан біз орта бизнестің дамуы үшін реттеуші және салықтық жағдай жасауымыз керек», – деп атап өтті партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов салық жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етудің басты құралы ретінде цифрландыру мәселесіне



ерекше назар аударды. Салықтық әкімшілендірудің сервистік моделіне көшуді қамтамасыз ету үшін цифрландыру жұмысы толыққанды жүргізілуіне тиіс.

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров депутаттарға жаңа Салық саясатының негізгі бағыттары туралы айтып берді.

Мемлекет басшысы салықтар санын кем дегенде 20%-ға қысқарту міндетін қойды. Осыған байланысты бірыңғай жер салығын салықтың жеке түрі ретінде жою, сондай-ақ алымдардың 6 түрін және мемлекеттік баждардың 5 түрін қысқарту ұсынылады. Бұған қоса, азаматтардың зейнетақы төлемдерін жеке табыс салығынан босату, сондай-ақ «сән-салтанатқа», оның ішінде жиынтық құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік объектілеріне салынатын салық мөлшерін арттыру жоспарлануда.

Өз кезегінде Қаржы министрі Мәди Тәкиев салық есептілігін қысқарту бойынша ұсынылған шараларға тоқталды. Бизнес субъектілері декларациялар мен салық есептерін уақытылы өткізбегені үшін жауапқа тартылмайды. Егер салық міндеттемелері 1 млн теңгеден кем болса, мүлік пен жерге салынатын, сондай-ақ заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық бойынша есеп беруді алып тастау ұсынылады.

Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Татьяна Савельева жаңа Салық кодексін жобасын Парламентке енгізу 2023 жылғы желтоқсаннан осы жылдың тамыз айына ауыстырылғанын еске салды.

«Мерзімі неғұрлым кейінге шегерілген сайын салық төлеушілердің, сарапшылар қауымдастығының, инвесторлардың түсініспеушілігі мен күмәні соғұрлым арта түседі. 2030 жылға дейінгі салық саясатының тұжырымдамасы әлі қабылданған жоқ. Тиісінше, салықтық ынталандыру тетігін қай тұста қосу, қай тұста қатаңдату керек екені, бұл кадамдар бюджет кірісіне қалай әсер ететіні туралы нақты көзқарас жоқ», – деді ол.

Үкімет өкілдері депутаттардың жаңа Салық кодексін және қазіргі салық саясатындағы мәселелерді шешуге қатысты сұрақтарына жауап берді.

Жиынды қорытындылай келе, Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Үкіметке жаңа Салық кодексін бойынша жұмысты жеделдету қажет екенін және құжат мерзімінде Мәжіліске енгізілуіне тиіс екенін атап өтті. Бұл жұмысқа депутаттар, сарапшылар және азаматтық қоғам өкілдері қосылуға тиіс. Бұл жұмыс Бюджет кодексінің жобасымен қатар қарастырылуы керек. Осы мәселе бойынша Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның жеке отырысы өтеді.

## ТҮРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер екінші оқылымда ұсынылады. Үкімет оларды Мемлекет басшысының халықтың тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешу туралы тапсырмасын орындау үшін әзірледі.

Осы мақсатта «Отбасы банкі» акционерлік қоғамын оған жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйді беру, есепке алу және бөлу жөніндегі функцияларын бере отырып, ұлттық даму институтына айналдыру ұсынылады.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының төрт санаты үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға басым құқықты сақтауға бағытталған түзетулер енгізді. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жетім

балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар. Осы тізбеге мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды, бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды қосымша қосуға бағытталған түзетулер бар.

Жалпы отырыста депутаттар «Көлікті дамытуға және көлік саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы» Жоғары аудиторлық палата төрағасының есебін тыңдайды.

Сонымен қатар Мәжіліс бірқатар халықаралық шартты ратификациялау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа алады.

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

«Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бір реттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс елорда және ірі қалаларда ғана емес, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылады. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің өзі де «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысып, елордадағы «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызды. Онымен бірге сенбілікке волонтерлер, «Ассамблея жастары» ұйымының өкілдері, еліміздің ғылым, креативті индустрия, мәдениет, спорт салаларындағы белсенді жастар және алдағы V Дүниежүзілік көшпелділер ойындарына қатысушылар, Президенттік жастар кадр резервінің мүшелері атсалысып, жөке ағашының 430 түп көшетін екті.

### «ТАЗА ӨЛКЕДЕН»... «МӨЛДІР БҰЛАҚҚА» ДЕЙІН

Қалай болғанда да табиғат анаға деген махаббаттың төңірегіне топтасқан қазақстандықтардың әр құлшынысынан сабақтастық байқадық. Оның бір айшығы – науқаншылықты іліп әкеткен халық пен Президентті қолдай кеткен жастар. Ал бұл сабақтастық 8 сәуір күні басталып, бастапқыда бес аптаға созылады деп жоспарланған болатын. Олардың әрқайсысы белгілі бір тақырыпқа арналады. Мәселен, 8-13 сәуір «Таза өлке» деген атпен өтті. Жеті күн ішінде елді мекен тұрғындары, қоғам қызметкерлері, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері іргелес аумақтар мен аулаларды қоқыстардан тазартты. Ал «Киелі мекен» деп аталған 15-20 сәуір аралығы тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру жұмыстарына арналды. 27 сәуірге дейін қазақстандықтар «Жасыл аймақ» тақырыбы аясында ағаш көшеттерін отырғызып, ағаштарды өктеді. 29 сәуір – 4 мамыр күндері «Өнегелі ұрпақ» деп аталды. Бұл аптада зейнеткерлердің аулалары мен қарттар үйлерінің аумақтарын жинау және абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды. Ал акцияның соңғы аптасы «Мөлдiр бұлақ» деген атаумен су айдындарының айналасын қоқыстан тазартуға бағытталды. Одан кейін де бұл акция тоқтамай жалғасып келеді. Әр аптаның атаулардан акцияның ауқымын аңғаруға болады. Тазалық және талғу жұмыстары тек облыс орталықтары мен ірі қалалар ғана емес, алыс аудан-ауылдарда да жүруде.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, еліміздің оңтүстік пен батыс өңір-



# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

## СЕНЕН БАСТАЛАДЫ



Қазақстан» республикалық акциясы өткізіліп, сенбілік жасалып, жасыл желек отырғызылған. Іс-шараға 230 мыңнан астам адам қатысты, оның ішінде 30 мыңнан астам еріктілер, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдардың 130 мың қызметкері, 70 мың мемлекеттік қызметші.

11 мамырда республиканың барлық өңірінде сенбілік өткізіліп, ағаш отырғызылған. Акцияға барлығы 400 мыңнан астам адам қатысып, 100 мың тоннадан астам коқыс жиналып, 120 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды. Осы күні министрлік қызметкерлері де Астанадағы Ботаникалық бақта 259 қарағай көшетін отырғызыпты.

Акция қорытындысында осы уақытқа дейін республика бойынша 40 мың тоннадан астам коқыс жиналып, 100 мыңға жуық жасыл желек отырғызылды.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ  
БАСТАМАНЫ ҚОЛДАЙДЫ

Ауқымды экологиялық акцияға «АМАНАТ» партиясы да үлес қосуда. Олар Сарыарқа ауданы әкімдігімен бірлесіп, «Тазалық бейсенбісі» апта сайынғы экологиялық акциясын іске қосты. 6 маусымда партияның 12 мыңнан астам мүшесі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері республика бойынша, оның ішінде елорда бойынша аумақты тазалауға шықты. Өзен жағалаулары, орман алқаптары, өндірістік аймақтар және жол бойындағы аумақтар – «АМАНАТ» партиясының мүшелері елдің барлық аймағында тазалау жұмыстарын жүргізу үшін осындай 460 учаскені анықтады. Партияның атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, «Та-

залық бейсенбісі» партиялық акциясы сапалы жаңа экологиялық ойлау мен азаматтардың қоршаған ортаға саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

«АМАНАТ» партиясы алғашқы күндерден бастап осы науқанға белсенді қатысып келеді. 4 мыңға жуық «Жастар Рухы» еріктілері зардап шеккендерге су тасқынынан кейін үйлерін ретке келтіруге көмектесті. Енді апта сайын біз бүкіл ел бойынша әртүрлі учаскелерде коқыс жинауды ұйымдастырамыз. Егер біз қазақстандықтар мен болашақ ұрпақтың табиғи өнімдерді тұтынуын, таза ауамен тыныс алуын және сапалы су ішуін қаласақ, біз қазір экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруымыз керек. Әрі сіз



Партиялықтар  
әр бейсенбіде

осындай тазалық іс-шарасын  
өткізуге ниетті. Бұл ретте,  
бұл жай ғана қоқысты жинау  
туралы емес, әрбір  
учаскеге мәслихат  
депутаттары, белсенділер мен  
бастауыш партия  
ұйымдарының басшылары  
бекітілетін  
болады.



оны өзіңізден бастауыңыз керек. Сондықтан біз барлық бейжай қарамайтын қазақстандықтарды «Тазалық бейсенбісі» акциясына қосылуға шақырамыз», – деді ол.

Партиялықтар әр бейсенбіде осындай тазалық іс-шарасын өткізуге ниетті. Бұл ретте, бұл жай ғана коқысты жинау туралы емес, әрбір учаскеге мәслихат депутаттары, белсенділер мен бастауыш партия ұйымдарының басшылары бекітілетін болады. Олар бекітілген учаскелерде тәртіп пен тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ урналарды орнату, аумақтарды көгалдандыру, жолдар мен тротуарларды жөндеу сияқты инфрақұрылымды абаттандыру мен дамытуға байланысты мәселелерді шешеді.

### АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысының бастамасымен республикалық деңгейде өтіп жатқан «Таза Қазақстан» акциясы ауқымын Астана қаласынан аңғаруға болады. Елордадағы акцияда қоғам өмірінің барлық қатпары қамтылды. Оның ішінде тек Астанаға ғана ерекшелік – Ақордадан бастап, Парламент, елшіліктер, министрліктер және тағы басқалары бар. Акцияға Президенттен бастап, қарапайым қала тұрғындарына дейін қатысуда. Мәселен, әлемнің түрлі елінен келген дипломаттар қаланы көгалдандыруға өз үлестерін қосып, Президент саябағына жабайы алма ағашының 16 көшетін отырғызды. «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясына атсалысқандар – Малайзия, Израиль, Португалия, Швеция, Бразилия дипломаттары болды.

Сол сияқты шағын футболдан ұлттық құраманың бас бапкері Рикардо Кака мен меценат Талғат Қожахметов Қазақстан футбол федерациясы аумағында көшет отырғызу іс-шарасына қатысты. Ал пара-волейболдан Қазақстан мен Бразилия құрамалары арасында жолдастық кездесу өтіп, одан соң Бразилия құрамасының капитаны Ренато Лейте экоакцияға қолдау білдірді. Елімізге танымал «Орда» тобы да қолдарына күрек алып, Ботаникалық бақта ағаш отырғызды. Белгілі қазақстандық актер Дәурен Серғазин «Жұлдызды патруль» акциясын ұйымдастырды. №91 мектеп-гимназиясында 250-ден астам оқушы, ата-ана және мұғалім қатысқан «Экоөлем» атты отбасылық экостарт ұйымдастырылды. «Астана дарыны» орталығы экофестиваль ұйымдастырған болса, М.Дулатов атындағы №68 мектеп-гимназиясында, Сервис және туризм колледжінде экологиялық шеберлік сабақтары өткізілді. Мектеп қабырғасында мұғалімдер балалармен бірге мектеп ауласында өсетін өсімдіктерден пайдалы көкөніс салаттары мен дәруменді сусын дайындады. Ал колледж оқытушылары мен студенттері пайдалы тағамдар дайындау және қайталама шикізаттан сәндік композициялар жасау дағдыларын көрсетті. Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының бастамасымен Діндерді зерттеу орталығы және «Астана медресе» колледжінің студенттері «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы аумағында сенбілік өткізді. Оған 60-қа жуық адам қатысты. Мотомаусымның ашылу салтанатына сәйкес экоакцияға байкерлер де қатысты. Үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдері, мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және тағы басқалар «Есірткісіз қала» жобасын жүзеге асырып, граффити жазуларды өшіріп, қала тазалығына үлес қосты. Ал 18 мамыр күні 2 000-нан астам әуесқой спортшы Run for Autism қайырымдылық жарысына қатысып, артынан сенбілік жасады. Оның сыртында Сарыарқа ауданының әкімдігі қолға алған «Бөтелкелерді жинап, кофе ал» атты ерекше акциясын да атай өтуге болады.

Таяудан бастап «Таза Қазақстан» ауқымды экоакциясы аясына «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы да атсалыса бастады. Алғашқы іс-шараға қозғалыстың 100-ге жуық жауынгері қатысты. «Жасыл ел» жобасы аясында елордада биыл 14-35 жас аралығындағы 4 200-ден астам жастар жұмыспен қамтылатын болады. Олар қаламыздың құрылыс нысандарында, қала маңындағы «Жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандардың, жалпы білім беру мекемелері мен қалалық саябақтардың аумағында жұмыс істейді.

# «ІЗГІ НИЕТ ЕЛШІЛЕРІ» ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГТІ ДАМУДА

Сыртқы істер министрлігінде Премьер-Министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеудің қатысуымен Қазақстанның «Ізгі ниет елшілері» жобасын іске асыруға арналған ресми рәсім өтті. Бұл жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн. Ол мәдениеттер мен халықтар арасындағы диалогті дамытуға және еліміздің жетістіктерін шетелдерде дәріптеу мақсатында танымалдылығын арттыруға бағытталған.



## Наурызбек САРША

Министр алғашқы рет Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық негізіндегі көпвекторлы және сындарлы сыртқы саясатқа айқын балама жок екенін, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы бастамасының маңызы ерекше зор екенін атап өтті. Сондай-ақ бүгінде еліміз дүниежүзілік қауымдастықта бейбітшілік пен тұрақтылықты ту еткен әрі қарқынды даму жолындағы мемлекет ретінде кеңінен танылғанын айрықша атады.

– Әлемнің 75 елінде 114 шетелдік мекемеміз бар. Былтыр біз шетелде 3 жаңа мекеме аштық. Биыл қосымша 2 елшілік, 1 тұрақты өкілдік және 4 бас консулдық өз жұмысын бастады. Жылдың соңына дейін тағы 5 мекеме ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстанда шетелдердің 71 елшілігі мен 25 консулдық мекемесі және 33 халықаралық ұйымның өкілдіктері аккредитация алған. Қазақелінің жеті бірдей көрнекті өкілі «Ізгі ниет елшісі» ретінде тағайындау да осы бағыттағы Мемлекет басшымыздың бірізді әрі төрт шұғыласы тең сыртқы саясатына үлкен қолдау деп білеміз, – деді Сыртқы істер министрі.

Бұл жобаға халықаралық қоғамдастықта Қазақстан туралы оң пікір қалыптастыруға зор үлесін қосып жүрген еліміздің қоғам қайраткерлері шақырылды. Олардың арасында скрипкашы-виртуоз, дирижер, Азия-Тынық мұхиты өңірі оркестрлері Альянсының директоры Марат Бисенғалиев, Олимпиада чемпионы, Олимпиада чемпионы, Винокуров, суретші және антиядролық қозғалыс белсендісі Кәріпбек Күйіков, University Medical Center корпоративтік

қорының басқарма төрағасы, кардиохирург Юрий Пя, саясаттану ғылымының докторы және тарихи карталарды зерттеуші Мұхит-Ардагер Сыдықназаров, Н.Тілендиев атындағы Мемлекеттік академиялық фольклорлық-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің бас дирижері Динара Тілендиева, Adam лақап атымен әлемдік танымалдыққа ие болған эстрада әншісі Мирхидай Мирфарух пен әлем рекортын жаңартқан алып күш иесі, Гиннес кітабының рекордшысы Сергей Цирульников бар.

Сонымен қатар министр көпұлтты халқымыздың келісім мен диалогке деген дәстүрлі ықыласына сай генетикалық коды сыртқы әлеммен мазмұнды және өзара тиімді қарым-қатынастардың кепілі екеніне тоқталды.

– Біз мұны шетелде насихаттауымыз қажет. Осы тұста Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық негізіндегі көпвекторлы және сындарлы сыртқы саясатқа балама жок екендігі айқын. Біздің көзіміздің қарашығындай сақтайтын ең жоғары құндылықтарымыз – еліміздің егемендігі, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы. Бұл экономикалық өсу және халықтың әл-ауқатын арттырумен қоса, Қазақстанның халықаралық беделі мен ролін паш етеді, – деген М.Нұртілеу алдағы уақытта «Ізгі ниет елшілерінің» игі миссиясы бұрынғыдан да өзекті бола түсетінін жеткізді.

Министр сөзінің соңында «Ізгі ниет елшілерінің» әлем қауымдастығына Қазақстан туралы объективті хабар жеткізетін парасат үні болатынына ел сенім артатынын атап өтті.

«Бұрын-соңды болмаған геосаяси жағдайда, халықтық және мәдени-гуманитарлық дипломатияның алар орны бөлек. «Әлемдік сахналарда,

ареналарда және конференцияларда сіздердің жеңістеріңіз бен тамаша өнер көрсетулеріңіздің арқасында еліміздің көк Туы әлемнің түкпір-түкпірінде көтеріліп, мемлекеттік Әнұран салтанатты түрде шырқалды», – деді СІМ басшысы.

Өз сөзінде, Александр Винокуров жобаға Astana Qazaqstan Team командасының барлық мүшесі қатысатынын, «Ізгі ниет елшісі» мәртебесін алу Париж Олимпиадасы қарсаңында рухты көтеріп, жеңіске деген сенім-күшті арттыратынын айтты.

Шығармашылық интеллигенция атынан сөз сөйлеген Динара Тілендиева артылған сенім үшін алғысын білдіріп, еліміздің мәдениетін шетелдік жұртшылық алдында насихаттау әрқашан маңызды жұмыс бола беретінін атап өтті.

Ал Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Марат Бисенғалиев бұл шараны күтпеген жерден тосынсый болғанын айтады. «Күтпеген жерден дегенім, мұнда келу жоспарда болмаған еді. Францияға қайтар рейсті кейінге шегеруге тура келді. Бүгін Сыртқы істер министрінің қолынан «Ізгі ниет елші» атағын алып отырғаным өте қуаныштымын. Енді бұл атақты абыроймен алып жүруге күш саламын», – деді ол.

Өнер, спорт, ғылым, медицина және басқа да салада жетістікке жеткен отандастарымызды тарту арқылы Қазақстандағы «Ізгі ниет елшілері» қызметінің сәтті халықаралық тәжірибесін енгізу еліміздің беделін нығайтып, бейбітшілік, достық және халықаралық ынтымақтастықтың негізі болатын мәдени-гуманитарлық байланысты арттыруға ықпал етеді.

Жоба елге ғана емес, шет мемлекеттерге де танымал болған әйгілі отандастарымызды тарту арқылы еліміздің он имиджін әрі қарай қалыптастыру, танымалдығын арттыру және заманауи Қазақстанның жетістіктерін дәріптеуге бағытталған. Жоба ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, БҰҰДБ секілді бірқатар БҰҰ жүйесінің халықаралық институттарының қазіргі қолданыстағы номинацияларына ұқсас жасалған.

Іс-шара барысында Қазақстанның «Ізгі ниет елшілеріне» олардың елші екенін растайтын Qazaqstan for Peace төсбелгісі, сертификаты мен куәлігі тапсырылды.



## ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: ТЕҢ ЖАҒДАЙЛАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 55,7 пайызын әйелдер құрайды. Олардың басшы лауазымдар арасындағы үлес салмағы – 39,4 пайыз. Осыған орай кеше Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бастамасымен «Заманауи мемлекеттік қызмет: тең жағдайлар мен мүмкіндіктер» тақырыбында пікір алмасу алаңы өтті.

Шараға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің басшылығы, Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Әзімова, Парламент Сенатының депутаты Ләззат Қалтаева, БҰҰДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілі Катаржина Вавьерниа, МКІА жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы, Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Бибігүл Ағыбаева, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықова, Экономикалық зерттеулер институты (ЕРІ) басқарма төрағасының орынбасары Әділ Құсманов, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде мемлекеттік қызметтегі тең жағдайлар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мәселелері талқыланып, гендерлік теңдік, таланттар бәсеке-лестігі жағдайындағы жастардың мансаптық ілгерілеуі, инклюзивті қоғамды дамыту бойынша құқықтық негіздерді одан әрі қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар айтылды.

Қатысушылар Ата Заңымызда еліміздің азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы көзделгенін, соған сай мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты екенін атап өтті. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» қолданыстағы заңында азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы мемлекеттік қызметтің негізгі қағидатының бірі ретінде айқындалған.

Пікір алаңында мемлекеттік қызметтің ағымдағы жағдайына қатысты деректер айтылып, Әлеп нормаларын сақтауды қамтамасыз етудегі әйелдердің ролі атап өтілді. Қазір Әлеп жөніндегі уәкілдердің 38% әйелдер. Жалпы, мемлекеттік қызметтегі әйелдер әдептілік стандарттарын сақтай

отырып, жауапкершілік пен күзреттіліктің жоғары деңгейін көрсетіп отыр.


Қашықтық форматында және икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеу белсенді қолданылуда. Бұл әсіресе жас балаларды тәрбиелеп отырған аналарға өз кәсіби міндеттерін жеке өмірімен тиімді үйлестіруге мүмкіндік беріп отыр. Осы форматтағы жұмыс кестесін қолданушы 3 024 мемлекеттік қызметшінің 63 пайызын әйелдер құрайды.

Мемлекеттік қызметте инклюзивті мәселелеріне де ерекше назар аударылуда. Бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметшілердің саны 847 адамды құрап отыр. Оның 30 пайызға жуығы басшылық лауазымда қызмет атқарады. Олар ел игілігі жолында тиімді еңбек етіп келеді.

Мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуді жүзеге асырудағы пәрменді құралдардың бірі – іріктеудің жаңа жүйесі. Қазір ол 22 мемлекеттік органда іске қосылды. Іріктеудің жаңа автоматтандырылған жүйесі әрбір азаматқа конкурстың барлық кезеңіне онлайн қатысуға мүмкіндік беріп, адами факторларды азайтады. Анонимділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ мүдделер қалыңдығын болдырмау үшін үміткерлерге ID-нөмерлер беріледі.

Жастар үшін Президенттік жастар кадр резерві және оқу орындарын жоғары көрсеткішпен аяқтаған түлектерді аудандық және ауылдық жерлердегі төменгі лауазымдарға конкурстық тікелей тағайындау мүмкіндігі оңтайлы әлеуметтік лифт болып отыр. Сондай-ақ олар үшін аймақтағы жас басшылар пулын қалыптастыруға бағытталған өңірлік кадр резервтеріне іріктеу жүргізілуде.

Шара соңында қатысушылар мемлекеттік қызметте инклюзивтілікті нығайту бойынша одан әрі шараларды қабылдау, сондай-ақ осы бағыттағы халықаралық тәжірибе мен жетістіктерді қолдануды қарастыру мәселелерін атап өтті.



# ЖЕТІМНІҢ КӨЗІ ЖАСТЫ ЕКЕН...

«Жерде жетім жыласа,  
көкте періште күңіренеді»  
дейді. Бірақ біздің қоғам  
жетімнің көз жасы мен  
обалы дегенді ұмытып  
кетіпті. Тастанды бала,  
сатылған бала, енді зорлық  
пен қорлыққа көнген бала  
мәселесі ушығып тұр.  
Ұлытауда 3 баланы 5 жыл  
бойы құлдыққа ұстаған  
сұмдық ұмытылмай жатып,  
Шымкентте 6 баланы  
жылдар бойы қорлап,  
мысықтың еті мен зәрін  
бөрген отбасы туралы  
ақпарат жанды түршіктірді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Әлеуметтік желіде желдей ескен ақпаратқа көз жүгіртсек, балаларды асырап алған 51 жастағы Ұлықбек Смановтың бойында жастайынан психологиялық ауытқу пайда болып, есейе келе психикалық диспансерде жатып ем алған. Бірақ бала асырап алған кезде есі дұрыс болған Ұ.Сманов қазір «сандырақ синдромы» диагнозымен Талғардың психикалық ауруханасында жатқан көрінеді.

Негізі, қолданыстағы заңға сәйкес бала асырап аларда арнайы сот шешімі шығарылады. Бала асырап алушының отбасында баланың қалыпты физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуы, тәрбиесі мен білімі үшін оңтайлы жағдайлар болған кезде ғана бала асырап алуға рұқсат етіледі. Сонымен қатар бала асырап алушы 14 түрлі құжат жинау арқылы өзінің бала асырап алуға толық құқығының бар екенін дәлелдеуге тиіс. Сондай-ақ 2020 жылдан бастап бала асырап алушыларға үш ай бойы психологиялық-педагогикалық даярлықтан өту

міндеттелген. Тіпті, бала асырап алғысы келген көпшіліктің заң талаптарынан мезі болып, «Бала асырап алу машақат» дегенін де естіп жатамыз. Алайда Сманов сияқтылар 6 баланы оп онай асырап ала салады. Олардың құжаттары да заң талабына сай. Мәселен, Смановтар балаларды асырап алмас бұрын 3 ай бойы балалар үйіне барып, арнайы психологиялық дайындықтан толықтай өткен және соны растайтын сертификат алған. Одан кейін e.gov.kz порталы арқылы бала асырап алуға үміткерлікке тіркелу үшін өтінім жіберген. Басқарманың Қамқоршылық пен қорғаншылық бөлімінің қызметкерлері тапсырған құжаттарын толық қараған және соттылығын ресми түрде тексерген. Барлық құжаттары заң талабына сай келген соң тұрғын жайын тексерген. Акт жасалған.

Ал Смановтардың асырап алған 6 баласын жылдар бойы азаптап келгенін Балалардың құқығын қорғайтын топ тексеруге барғанда анықтаған. Қазір өмірі тозаққа айналған ересек екі бала бейімделу орталығына, төртеуі балалар үйіне орналастырылыпты. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева іс сотқа жіберілгенін айтты.

— Аталмыш қылмыс бойынша біз ақпан айынан бері ПМ, Бас прокуратура және Шымкент қаласының Балалар құқықтары жөніндегі уәкілімен бірлесе жұмыс істеп келеміз. Мектеп мұғалімдері және қамқоршылық органдарына қатысты да қылмыстық істер қозғалды, тергеу жүріп жатыр. Сондай-ақ олар балаға тиесілі ақшаны ешкілер сатып алуға жұмсап, балаға баққызып қойғандары туралы дерек бөлек тергелуде, — деді Д.Закиева.

## БАЛДАЙ ТӘТТИ ШАҒЫНДА БАТПАНДАЙ МҰҢ АРҚАЛАП...

Жалпы, соңғы жылдары мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыға бола бала асырап алуға ниеттенетіндер қатары көбейген. Тіпті, балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жетімдер мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды алып, кейін түрлі себеппен балалар үйіне қайтару көбейіп кеткен. Статистика комитетінің дерегінше, кейінгі 5-6 жылда жетімдер үйіне

қайта келген балалар үлесі жалпы асырап алынғандардың 15-20 пайызын құраған. Сондықтан Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 91-бабы бойынша, бала асырап алушы ата-аналар міндетті түрде үш айлық психологиялық даярлықтан өтуі міндеттеледі.

Республикалық «Ана үйі» қоғамдық қоры ұлттық бала асырап алу агенттігінің директоры Фарида Рахметова:

— Кейде мемлекеттен ақша төленетінін естіп патронаттық тәрбиеге бала алғысы келген ата-аналар келеді. Әрине, олар «ақша үшін бала асырап алғым келеді» деп айтпайды. Бірақ психологиялық диагностика жүргізген кезде олардың негізгі ойы белгілі болады. Бізде ондай ата-аналардың ішкі ойын анықтайтын психологиялық әдіс-тәсілдер бар. Егер арыз беруші ата-аналардың ішкі ойы анықталса, олармен жұмыс істеуді тоқтатамыз. Оқуға дейін жіберілмейді, — дейді.

Дегенмен ебін тауып екі асайтындардың жең ұшынан жалғасып, бала асырап алуға да күнкөріс, құлқын қамына айналдырып алғанын көріп отырмыз. Сала мамандары жетімдер үйінің санын азайтып, кәсіби патронат отбасы институтын құрумен іс бітпейді. Баланың патронаттық тәрбиеде қалай өмір сүретінін тексерумен қатар, оларға бөлінетін қаражат мәселесі де жан-жақты қадағалануы қажеттілігін алға тартады.

Динара Закиеваның айтуынша, жалпы елімізде балдай тәтті шағында батпандай мұң арқалап, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 22 мың бала бар. Оның ішінде 17 мың бала қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеде және туыстарымен бірге тұрады. Жыл сайын 4,5 мың бала балалар үйі мен балаларды бейімдеу орталықтарына түседі. Биыл 5-6 айда бұл сан 4 мыңнан асқан. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл ақпан айының соңында Президент Әкімшілігінде әкімдіктермен кездесу өткізілгенін, нәтижесінде наурыз айынан бастап, 1 шілдеге дейін барлық асырап алушы отбасыларға рейд жүргізіліп жатқанын айтты.

— Заңға өзгерістер енгізілді: мемлекеттік органдарға, соның ішінде қамқоршылық органдарына тексеру жүргізу бойынша өзгерістер қабылданды. Бұрын қамқоршылық органдарына тұрақты тексерулер жүргізілмеген. Сонымен қатар қамқоршылық органдары қызметкерлерінің тапшылығын жүйелі түрде шешу үшін біз Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен және депутат Ю.Кучинскаямен бірлесіп, заңға қамқоршылық органдары қызметкерлерінің құзыреті мен санын бекіту туралы түзетулер дайындап, жолдадық. Олар бұл салаға түбегейлі өзгерістер енгізу үшін ерекше манызды. Қазір олар Үкіметтің қорытындысында, — деді ол.

«Шымкент қаласындағы 485 мың балаға 5 қамқоршылық қызметкері ғана бар, яғни бір қызметкерге 90 мың бала келеді. Түзетулерді енгізу халықаралық нормативті бекітуге мүмкіндік береді:



«Шымкент қаласындағы 485 мың балаға 5 қамқоршылық қызметкері ғана бар, яғни бір қызметкерге 90 мың бала келеді. Түзетулерді енгізу халықаралық нормативті бекітуге мүмкіндік береді:

1 қызметкерге 5 мың бала, яғни Шымкентте

5 емес, 90 қызметкер болады», —

дейді Д.Закиева.



## ҚАМҚОРСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАНЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛДЫР

Қазір Қорғаншылық және қамқорлық органдары тарапынан бала асырап алғандарды тексеру жұмыстары жүргізіп жатыр. Мәселен, осындай тексеріс нәтижесінде жыл басталғалы бері бала құқықтарын бұзған 15 лауазымды тұлғаға айыппұл салынып, бір адам жұмыстан босатылған. Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің айтуынша, биыл жыл басынан Қорғаншылық және қамқорлық органдары 17 660 жетім бала тәрбиеленіп жатқан 13 мыңнан астам патронат отбасыларға тексеру жүргізген. Нәтижесінде, асырап алған баласына зорлық-зомбылық көрсетіп, олардың құқықтарын бұзған 4 тәрбиеші ата-ана қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

1 қызметкерге 5 мың бала, яғни Шымкентте 5 емес, 90 қызметкер болады», — дейді Д.Закиева.

Үкімет қорғаншылық және қамқорлық органдарының жұмысын жетілдіреміз, жетімдер үйін жауып, жетімдер санын азайтамыз дегенімен, көзі жасты, көңілі қаяу, жанары жауаңдаған жетімдердің басындағы «бұлт» сейілер емес. Бүгін жанары жасты, жүрегі жүдеу бұлдіршіндер Үкімет қамқорлығында болғанымен, болашақта барар жері, басар тауы жоқ. Тағдыр теперішін тартқан қауқарсыз, қамқорсыз ұрпақтың болашағы бұлыңғыр. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделіп, қоғамнан өз орнын табуына қандай қолдау көрсеткен жөн? Олар да басқа балалар секілді білім алып, толық дамуға құқылы емес пе. Әлде...Әкенің мұз ба жүрегі?! Ананың бауыры тас па екен? (С.Калиев) деп күңіренген қоғам, күрсініп қана отыра бере ме...

Бердібек ҚАБАЙ

Ғалымдар «Керқұлан-Кертағы» деп ресми түрде ат берген Пржевальский жылқысының байырғы мекені – Орталық Азия, оның ішінде қазақтың кең сахарасы екені әмбеге аян. Тарихшылардың айтуынша, осы ұлы даланың шөлді, шөлейтті аймағында, Ертіс пен Іле, Есіл мен Тобыл өзендерінің бойын мекен еткен осынау жабайы жылқылар заманында ақ бөкенше жосылып, үйір-үйірімен жортқан деседі. Ең өкініштісі, сол қазақ сахарасынан кертағыны 1930 жылдардан кейін ешкім кездестірмеген екен. Ұлы даладан жануардың жойылып кетуін ғалымдардың бір тобы қазақтың басына төнген ашаршылықтың салдары деп пайымдайды. Ал зерттеушілердің енді бірі сол заманда алқаптарда тараған түрлі вирустық инфекцияның болуы-

Қазақ даласынан жойылып кеткен Пржевальский жылқылары қайта оралды. Үш бас қылқұйрық Қостанай облысы аумағындағы «Алтын дала» табиғи резерватына жіберілгенінің куәсі болып, тарихи сәтті фотоға түсіріп алдық. Жануарлар жерсініп кетсе, алдағы уақыттағы 40 шақты бас әкелінеді деп жоспарланып отыр.



# Қайта оралған

## КЕРТАҒЫ



бағында көбейтілген. Әрине, бұған дейін де жылқының осы түрін чехтар өзге де елдерге жіберіп байқаған. Бірақ жерсінуге болмаған көрінеді. 2011 жылы Монғолия мен Чехия бірлесіп бағдарлама жасалып, жануарларды байырғы мекеніне қайта жерсіндіру жобасын бастайды. Жоба сәтті жүргі-

қисының қазақша атауын «Керқұлан» ғана емес, оған «Кертағы» деген синоним қосады. Тарихи деректер мен көптеген әдебиетте солай берілген екен. Енді комиссияның шешімімен Қазақстан Қызыл кітабында Лошадь Пржевальского – «Керқұлан, Кертағы» деп аталатын болды. Негізі, бұл қосарлы атаудың ішіндегі Кертағы дұрыс екеніне илануға болады. Атауға байланысты ел арасында түрлі даулы әңгіме көп. Керқұлан, тарпан, құлан, жабайы жылқы деп жатады. Жылқы тарихын зерделеп, этнографиялық материалдарды, көне жазбаларды, аңыз-әңгімелерді, батырлар жырын, архив және ауызша деректерді көз майын тауыса салыстырып «Қазақ жылқысының тарихы» атты кешенді еңбек жазған ғалым Ахмет Уәлиханұлы қылқұйрықтың бұл түрін «тарпан» не «тағы» деп көрсетеді. Монғол халқы бұл түрді «Тахийн» дейді екен. Киіз туырлықты монғолдың «Тахийн» сөзін қазақ тіліне аударсақ, «жабайы», «тағы» дегенді білдіреді. Жазушы, тарихшы Мұхтар Мағауин да осы тағы ұғымын нақтылайды. Демек, «Кертағы» деп атау жансақ болмас деген ой түйдік.

### ТОРҒАЙ ДАЛАСЫ – ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚ

Кертағыны Прага және Берлин хайуанаттар бағынан Торғай даласындағы «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерватына реинтродукциялау (тарихи мекендеу орындарына жіберу) үшін мұндағы мамандар да үлкен дайындық жасаған екен. Жабайы табиғатқа барынша бейімделіп кету мақсатында суы мол, шөбі шүйгін аумақ арнайы таңдалып отырған көрінеді.

«Бүгін біз Қазақстан даласының байырғы мекендеушісі – кертағыны еркіндікке жіберіп, табиғатымыздың асылдарын толықтырып, жабайы табиғатты сақтап қалудың жаңа кезеңін бастап отырмыз десем болады. Бұған Чехия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы елшіліктері, Прага мен Берлиннің хайуанаттар бағы және Франкфурт зоология қоғамы ерекше үлес қосты. Сонымен қоса, еліміздің табиғаты үшін мемлекетіміздің де жасап жатқан қамқорлығы зор деп түсінген дұрыс. Біз бұған дейін де бірнеше жабайы жануарды молайттық.

Олардың өсіп, еркін жайылуына жағдай туғызылғанбыз. Сондықтан тәжірибеміз жеткілікті, ғалымдарымыз дайын. Кертағы да біздің Торғай-Тобыл даласында еркін өсіп, кен тарайды деп сенемін», – деді шара барысында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

Қылқұйрықтың екеуі ұрғашы бие болса, қалған біреуі ZORRO есімді айғыр. Прага хайуанаттар паркі «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерватының ерекшеліктеріне сәйкеседі екен.

«Кертағы – бұл таза қанды жылқы текті жабайы жануар. Ол кәдімгі өзіміздің жылқылармен будандасып кетуі әбден мүмкін. Сол себепті біз қанды таза сақтау мақсатында Кертағы, Керқұланды арнайы бақылауда ұстаймыз. «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты – қол жылқылары жоқ мекен. Екіншіден, бұл алқап корректік алуантүрлілікке өте бай және суы тұщы әрі мол болып отыр. Шетелдік ғалымдар да осы мәселеге жоғары деңгейде мән берді. Жануарларды бір жыл бойына 51 гектар алқапта бақылауда ұстаймыз. Одан кейін аумақ көлемі де кезең-кезеңімен ұлғайтыла береді. Ол уақытта түрлі маман мен бақылаушының саны артады», – дейді Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының атқарушы директоры Вера Воронова.

Айта кететіні, бұл жоба Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы мен Чехиядағы Прага жануарлар паркі арасында 2017 жылдан бері жүргізіле бастаған. Нәтиже жүзеге асып жатқанына қуанған Вера Воронова Кертағыны далаға жіберген сәтте көзіне жас келгенін жасыра алмады.

«Жақын арада Берлиннен бортында төрт жабайы кертағы бар тағы бір ұшақ Аркалық әуежайына келіп қонады. Осылайша, біз мұндағы жылқылар санын қырыққа жеткіземіз. Әрине, 20 сағат әуеде болу – жануарлар үшін стрестік жағдай. Сондықтан жылқылардың бұл мекенге үйреніп, қалыптасып кетуін Прага зоопаркінің мамандары мен қазақстандық мамандар бірлесіп отырып қолға алады. Бұл үй жануары емес, жабайы жылқы болғандықтан, үнемі бақылауда болуы маңызды», – деді Прага зоопаркінің директоры Мирослав Бобек.

Бастысы, заманында жойылып, далادا тұяқ ізі қалмаған төл жануардың қайта оралуын жақсылыққа жорыдық. Мындаған шақырымды артқа тастап, аспанға жол салып келген Кертағы қазақ даласына еш кедергісіз үйренетініне сенім мол. Бұған ғалымдар да, мамандар да, тіпті Чехия зоопаркінің өкілдері де сеніп отыр. Өсу қарқыны тұрақты болса, даланың Кертағысы қазақ сахарасында әлі-ақ жосыла шауып жүретін болады.

нан тұқымы тұздай құрып кеткен дейді. Тіпті, аңшылар бірін де қалдырмай қырып тастаған деген тұжырым да жоқ емес. Бірақ соңғы нұсқа ұлтымның ұлық дәстүрі мен танымына сай келмейді. Не дегенмен де қазақ даласына қайта оралып жатқан керқұлан, кертағының ендігі тағдыры өз қолымызда.

Былтырғы 24 сәуірде Астанада өткен Қазақстан – Чехия бизнес форумында еліміздің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен Прага хайуанаттар бағы «Жойылып кету қаупі төніп тұрған жануар түрін (Пржевальский жылқысы / Equus Przewalskii) қорғау туралы» меморандумға қол қойды. Аталған меморандум аясында Чех Республикасы мен Германия Федеративті Республикасынан 2024 жылдың маусым айында барлығы 8 жануарды (Чехиядан 4 бас, Германиядан 4 бас), Қазақстанға алып келіп, Қостанай облысының аумағындағы «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерваты РММ-на реинтродукциялау жоспарланған болатын. Бүгінде сол белгіленген жоспардың алғашқы қадамы сәтті жүзеге асып отыр.

Чехиялық Әуе қарулы күштерінің арнайы ұшағы Аркалық қаласының әуежайына келіп қонғанда шынымен де тебірентік. Алғашқы рейспен барлығы 4 бірдей жылқы келеді деп айтылғанымен, бұл жолы үш жануар борттан түсірілді. Себебі жылқыларды ұшаққа тиеу кезінде біреуі өзін жайсыз сезініп, өзгеше мінез танытқан. Содан соң ұрғашы биенің біреуін қалдырып кетуге тура келген екен.

Қайта оралған қазақтың кертағысын қарсы алуға Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов,

Чехия Республикасының Қазақстандағы елшісі Павел Шепеляк бастаған Чехия Республикасынан келген делегация мүшелері және жергілікті қоғам белсенділері мен ғалымдар келді.

Білуімізше, қазақ даласына қылқұйрықтың бұл түрі бірінші рет жеткізіліп отырған жоқ екен. Бұған дейін «Алтын емел» табиғи қорығына бірнешеуі әкелінген. Бірақ ол жануарлар екі-үш рет құлындағанымен, саны еш өспеген. Себебі олар бір-бірімен туыс болып кеткен. Сол себепті өсіп-өнуі мүмкін болмаған.

### ҚАЛАЙ САҚТАЛЫП ҚАЛДЫ ЕКЕН?

6000 шақырымдық жолды артқа тастап, Торғай даласына тұяғы тиген жануарлар Еуропадағы ең ірі хайуанаттар бағынан әкелінді. Әлем ғалымдары қылқұйрықтың хайуанаттар бағында баптап, жоғалып кетуден аман алып қалған.

Бұл түр 1932 жылы әлемде жойылып кету қаупі төнген жануарлар қатарына енгізілген. Дүниежүзілік генеалогиялық кітапқа тізімі жасалып, құлындарға дейін жігі бақыланып, ерекше жағдайда ғылыми араласулар басталған. Осылайша, Прага хайуанаттар

зілгендіктен, ол елдегі жылқы саны қазір мыңның үстінде екен.

15 сағатқа созылған ұшу уақытында жануарлар сағат сайын мал дәрігерінің бақылауында болған. Алғаш рет ресейлік ғалым Николай Пржевальский Азияға жасаған саяхаты барысында 1881 жылы құжат жасап, «қолға үйренбейтін ерекше мінезі бар жылқы тектес жабайы аң не жылқы түрі» деп патшаға есеп береді. Содан бері жануардың бұл түрі ғылыми тілде Пржевальский жылқысы атанып кеткен. Қазір дүниежүзілік популяциясы 2000-нан асады. Оның жартысынан көбі бүгінде Монғолия мен Қытай еліндегі жабайы табиғатта жайылып жүр.

Еліміздегі Зоология институтының 2023 жылғы 14 қарашадағы №30-П бұйрығына сәйкес Жануарлардың қазақша атаулары және зоологиялық терминологиялар жөніндегі комиссия құрылған. Қазақстан Қызыл кітабындағы жануарлардың тізіміндегі бұл түрге қазақша атау беру туралы түскен ұсынысты қарау үшін 10 мамырда комиссия құрамы қайта жиналады. Құрамына тарихшылар мен этнографтар, өлкетанушылар да тартылады. Комиссия жан-жақты тұжырым жасай келе Пржевальский жыл-



Вера Воронова, директор Прага хайуанаттар паркі



Мирослав Бобек, директор Прага зоопаркі

«Жанды тербеп мәңгіліктің ағыны,  
Тән арыды, Арман бірге арыды!  
Жанарымды қытықтайды нұрымен,  
Мың жыл бұрын сөнген жұлдыз жарығы.  
Жаным жұлдыз жылдамдығын қосқанда,  
Сәлем айтып кейін қалған достарға,  
Бұл қаладан кетем түбі көкке мен,  
Кетемін мен Сегізінші Аспанға».

**Әмірхан ақын осылай жырлап еді. Әмірхан Балқыбектің өмірден өткеніне де он жылға жуықтапты. Тірі болса, биыл 55 жасын тойлап жатар еді-ау...**

Гүлзина БЕКТАС

### «АҚЫНҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТЫ КӨНЕ ГРЕКТЕРДЕН ҮЙРЕНУ КЕРЕК»

Бұл – Әмірхан Балқыбектің көзі тірісінде берген сұхбатынан үзінді. Ақын «рухың мықты болмаса, жаның, тәнің, жан-жүйкең таяқ жейді» деген екен. Оның жаны да, рухы да мықты еді. Әдебиетті ардың ісі деп білген ақынның әр жазбасы бүгінгі оқырман үшін де құны бөлек. Өлендерін, өмір туралы көзқарастарын, көне грек әдебиеті туралы толғамдарын оқыған сайын ақынды жаңа қырынан тани бересің, үңілген сайын жүйелі сөзге ден қойған ақын болмысын көресің. Бұл жолы да біз ақын айтты деген дүниені тағы бір шолып өттік.

Бірде, яғни бір сұхбатында Әмірхан аға бүй дейді: «Асылы, бізге ақынға деген көзқарасты көне гректерден үйрену керек-ау. Олар Гомерді, оның қиялын ғана мойындап қойған жоқ, кейіпкерлерін де мойындады. Көне грек ақындары он екі ерлік жасап, тағдырдың талқысынан сүрінбей өткен Гераклдай ажалды пендеге Құдайлардың санатынан ойып орын алып берді. Ешбір грек өз ақындарына «бұлардың қате ғой, бұлардың күпіршілік қой» деген жоқ. Ал бізде ше? Бір ақынның жан дүниесін, онда болып жатқан ізденістербелістерін түйсіне, түсіне аламыз ба? «Әр адам – бір әлем».

Ақынның саясаттан, қоғамнан, ортаның әсерінен бейтарап қала алмайтыны белгілі. «Құдайдың бір аты ар болса, әдебиет – сол ардың ісі» екенін дәлелдеп кеткен де Әмірхан Балқыбек еді.

Жазушы Досхан Жылқыбайдың ақын туралы жазбасында былай дегені бар-ды: «Әмірхан Балқыбек Қазығұрт таулары, қасқыр мифі, Шыңғысхан және Атлантида туралы мақалаларында осы зерттеу әдісін өте шебер пайдаланады. Мысалы, түркінің қасқырдан тарайтыны туралы мифті былайша төрт бөлікке бөлген: «Бірінші үзігі – қырғынға ұшыраған халық. Екінші үзігі – баланы асырап алған қаншық қасқыр. Үшінші үзігі – қаншық қасқыр мен кейін ержеткен баланың некесінен дүниеге келген нәрестелер болса, төртінші – сол нәрестелердің бірінен тараған ашина түркілері. Бүгінгі адам ой-қиялы бір тараушаға бөлген аңыздардың алғашқы және соңғы үзіктерін ғана шындық ретінде қабылдай алады.

...Аңыздың тууына түрткі болған тарихи оқиға (ал мұндай оқиғаның болғанына шөк келтіруге болмайды) келе-келе оны баяндаушы жандардың ақындық қиял күдіретімен адам танығысыз метаморфозаға ұшыраған» дей келе, оның қасқыр тотемін қасқырдың өзінен емес, үнінен іздейтінін мысалға келтіреді. «Қасқыр құдай болған кез» деп толғауы да тегіннен болмаса керек.

«Біз сізді сақтай алмадық»... Мәдениеттанушы Әсия Бағдәулетқызы аға өмірден өткенде осылай деп жазып еді. Расында, біз ағаны сақтай алмадық.

### «УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН САҒЫНЫШТА ҰЛҒАЯ БЕРЕДІ»

Оның досы кітап болатын. Бар сақтағаны, жиған-тергені де кітабы болғаны анық. Одан бөлек, Қасиетін, қызын ардақтайтын. Сосын нағыз досы – сүйген жары Мархабат болғаны рас. Мархабат Шойбекова аға қастерлеген, аға құрмет тұтқан дүниенің бәріне кір жұқтырмай, құндылық ретінде сақтап отыр.



# ҚАРАЙДЫ АҚЫН СЕГІЗІНШІ АСПАННАН

Әмірхан ақын өмірден өткен он жылда бүкіл мұрасын жинақтап, жарыққа шығарды. Әлі де жоқтаушысы ретінде асыл мұрасын насихаттай берері сөзсіз. Аяулы ақынның Мәкішімен аға туралы сырластық. Бұл біздің ешкімге ұқсамаған, гений адамға деген құрметіміз еді.

**– Мархабат, Әмірхан аға тірі болғанда, биыл 55 жасқа толар еді. Ол кісінің өмірден өткеніне де 10 жылға жуықтапты. Асығып келіп өмірге асығып кеткен секілді көрінеді де тұрады. Аға туралы ойға оралғанда не еске түседі?**



Әмірхан ағаға керегі әдебиет ғана еді.

Өзі де әдебиеттен басқа ештеңені істеген жоқ. Көп оқыды, ол кісі оқымаған дүние қалмаған шығар деп ойлайтын едік. Ол кісінің білімі телегей теңіз еді. Оның ерекшелігі, иә, шын мәнінде ерекшелігі – ізденімпаз еді. Өзі үнемі «әлемдік маңызы бар мәдениеттің мұрагері» екенімізді дәлелдеу үшін де ізденетін болар. Кейде ол кісі сол «бар мәдениетті» іздеймін деп асықты ма екен деп ойлайсың...



– Биыл Әмірхан ағаның өмірден өткеніне 10 жыл болды. Уақыт деген зымырайды екен. Оның үйде жүргені, күлгені, жұмысқа шығып бара жатып атасының тері сінген тақиясын иіскеп барып шығуы, бәрі-бәрі көз алдымда тұрады. Сосын жұмыс уақытында маған хабарласып: «Мәкіш, қалайсың, сенің даусыңды естіп қояйын деп едім» дегені де құлағымда. «Сенің болғаның қандай жақсы» дейтін көңілі құлазып, жабырқайтын сәттерінде. Уақыт

айнымаған Әмірхан ағаның осы бір қасиетін құрметтедім, жақсы көрдім.

**– «Нағыз ақын 45-тен артық жасамауы керек». Бұл – ағаның сөзі. Неге олай делді екен? Әлде, аға өз реквимиін өзі жазып кетті ме?**

– Жалпы, осы 45 жас дегенде тылсым бір күдірет бар сияқты көрінеді маған. Нағыз ақын 45 жастан артық жасамауы керек дегеніне аса мән бермеуші едім. Сөйтсем, өзі де сол жасында бақиға кеткені жаныма батты.

– Біз білмейтін тақырыптарға жиі барды. Көп оқығаны сөйлеген сөзінен де білініп тұратын. Нағыз терең адам еді. Әмірхан поэзиясына, оның жазбаларына біз шындып баға бере алдық па?

– Әмірхан шығармашылығына баға берілді, баға берілмеді деп айтуға менің құжым жоқ деп ойлаймын. Оның білімділігін, көрегенділігін, адами қасиетін әдебиеттегі замандастары жақсы білді. Қазак руханияты барда Әмірхан ағаның аты өшпейтініне сенемін.

**– Ағаның қасынан шырк үйіріліп жастар шықпайтын. Қазір ше, сол өзі жанына ерткен бөлтіріктері ағаның отбасын іздеп тұра ма?**

– «Әмірхан ағаның әскері» аталып кеткен әдебиеттегі жастар қауымы әлі күнге дейін біздің отбасымызбен байланысын үзген емес. Мереке, қуаныштарда құттықтап тұрады. Жағдайымызды сұрап тұрады. Мен де оларды ең жақын бауырларымдай жақсы көріп кеттім. Жас баһадүрлердің арманы орындалсын, бақытты болсын.

**– Көзінің ағы мен қарасындай болған Қасиетіне жазған сыры, күнделіктері бар ма? Оны сұрағанымыз, әйгілі Асқар Сүлейменовтің (зерделі адам ғой) Әсмасіне арнап жазған жазбаларын сүйсіне оқыдық. Сол**

секілді Әмірхан ағамнан бір жылы жазба қалды ма?

– Қасиет қызына арнаған өлеңі бар, ол кітабында жарық көрген. Ал одан басқа күнделік немесе сыры жоқ екен. Сол қызына арнаған өлеңі мәңгілікке естелік болып қалды ғой.

**– Оның досы кітаптары еді. Сол «үш жүз досын» қалай сақтап отырсыз?**

– Кітап қоятын шкапка өз қолымен жинаған кітаптары орнында тұр. Кейде жастар қажет кітаптарын сұрап алып оқып тұрады. Біз үшін Әмірханнан қалған ең құнды дүние – осы кітаптары.

**– Ағаның бүкіл мұрасын жинақтап, жарыққа шығара алдыңыз ба?**

– Әмірхан дүниеден өткеннен кейін ақын Қасымхан Бегманов ағамыз мемлекеттік тапсырыспен кітабын шығарып берді. Одан кейін «Әдебиет» баспасынан Ғалым Қалибек ағамыз естелік кітабын шығарды. Биыл «Көкжиек-Горизонт» баспасы «Сынған сәуленің шағылысуы» өлеңдер кітабын қайтадан жаңалап шығарды. Барлығына рақмет айтамыз.

**– Аға тірі болғанда... Сізді өкінетін не нәрсе?**

– Әмірхан тірі болғанда деген сөздің өзі ауыр екен. Он жыл деген де аз уақыт емес. Уақыт өткен сайын жоқтығы көбірек сезіледі екен. Тірі болғанда бақытты күндерім, ештеңеге алаңдамай алаңсыз жүретін күндерім көп болар еді. Көңілім жарты болмас еді... Өмірінің қысқа болғаны өкінішті болды. Қолдан келер шара жоқ. Алла алдынан жарылқасын!





**Ә**н өнерінің алып асқар тауы, бергі ғасырдағы әншілік өнердің тұтқасы – Кенен Әзірбайұлының өмірге келгеніне биыл 140 жыл. Кенен өзінің болмысын мәңгі өлмес ән-жырымен сомдап кетті. Бала күнінен қара шанақ домбырамен Қордай даласын жаңғырта шырқаған Кенекенің ән-жыры – уақиғалы тарих. Ғасырға ұласқан ақын тағдыры бейнет пен зейнетке құралған том кітаптай.



Жігіттің бойындағы ерекше дарын жата тегінен, нағашы жұртынан дарыса керек. Шешесі Ұлдар үлкен әнші, ақын адам болған деседі. Туған топырақтың да киесі бар. Жетісу дәстүріндегі ақындықтың жайылуы Кененге жақсы әсер етеді. Ауылға келген қонақ түстене жатып, жыр жырлаған, өлең айтқан өнерпаздар Кененнің санасында үлкен із қалдырды. «Жастайынан зерек бала есік алдында, кейде үй сыртында жүріп-ақ олардың маржандай сөздері мен күмістей әндерін көкірегіне түйіп алады» деген зерттеулік деректер – осының айғағы. Кененнің ән өнеріндегі алғашқы ұстазы – өзі айтқандай, сүйікті анасы Ұлдар анадан бастап, сауықшыл халық ортасы, сезімтал түйсігіне үнемі сыбырлап, сыр ақтарып тұратын өзі өскен табиғат аясы. Ананың әлди әуенімен бой жазған ақын туған табиғаттың саф ауасымен әндете ержетті. «Ри, қойым» – Кенен Әзірбайдың ең алғашқы шығарған тырнақалды әні. «Қозыны айдап жүріп, сайға барсам, Талқан шекер татиды шайнап қалсам. Шерімді ішімдегі мен төгемін, Басылғандай жүрегім енге салсам», – деп жырлаған әнінде жоқшылық пен кедейшіліктен көрген қиындықты мелодия терапиясы арқылы жеңілдеткендей. Тағдыры тауқыметке толы баба Кенен музыканың күдіретімен ғасыр жасады. Балалық шағы ашаршылық, конфискация, сұм соғыспен астасқан тұста жалпы халықтың өмірі қыл үстінде еді. Анасынан ерте қалды. Әкесі – қарт кісі. Сол себептен де әндерінің көпшілі зарлы-мұңды.

# Ән кеніші – БАБА Кенекені

жатты. Кез келген өнерпаздың әуелгі мұраты танымал болу болса, Кененнің атағын шырылдаған бозторғайы арттырды. Қой баққан жетім балада қандай сауат болсын. Музыкалық білімі болмай-ақ туындыларды ақ қағаз беті, ноғаға түсірмей есінде сақтап, халық әндерін, ауыз әдебиетінің туындыларын біріне-бірін шатастырмай, орындағанына таңғаламыз ғой.



Мақала басында уақиғалы тарихи өмір деуіміздің бір себебі осы. Есі кетіп, ойыны қанбаған көңілден осы сарынды әндер айтылды. Қозы бағып, қой соңында жүрген бала Кенен «Бозторғай» әнін сайын дала төсінде тудырды. Шығарма жұртшылыққа бірден танылды. Бұл әнді Кенен небәрі он бір жасында шығарған екен. Ертеден қара кешке дейін мал соңында еніреп жүрген өзі сияқты қойшы-қоланның көңілінде қалып кеңінен тарайды. «Қойшы Кенен» енді «әнші бала» атана бастады. «Бозторғай, шырылдайсың, шіркін-ай! Құтылар күн бар ма екен, осы қойдан бір күн-ай» деп әндеткен дауысы жаңғырық секілді бүкіл қазақ даласына тарап

К.Әзірбайұлының орындауындағы жырлар, айтыстар, дастандар бір төбе болса, оның әндері, өзі шығарған әндеріне жазған өлеңдері – мол дүние. Жалпы, Кенен ел ішіне ақындығымен қоса, әншілігімен кең танылып, үлкен қадір-құрметке ие болған. Қазақтың дәстүрлі поэзиясының аясында жырлаған өлеңдері күнделікті тұрмыстық, тіршіліктің жағдайларды дидактикалық, публицистік сарында баяндайды. Өзі куә болған елеулі оқиғалар жүрегі толқытып, көңіліне қозғау салған құбылыстарға ол үн қатпай қалған емес. Бұл ең алдымен, оның азаматтық борышы саналғандай. Жеке бастық сезім, толғаныстар жалпы халықтық мәні бар ірі, мол

құбылыстарға ұласып, жалғасып кетіп отырды.

Кенен – қазақтың сал-серілерінің дәстүрін сақтаумен қатар, ескіден келе жатқан ақындық, жыраулық дәстүрін, соның стильдік сипатын берік сақтаған ақындардың бірі. Көрнекті ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбектің: «Ғасырлар тұңғығынан басталатын сал-серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенекендер екендігін мойындау керек. Қазақ сал-серілерінің көп белгі-нышандары бар. Соның бір парасы, қазақтың сал-серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қарасөздің де көсемі болып келеді» деуі – осының дәлелі.

Кенен ақындық өнерде ұстазға кенде болған кісі емес. Мұхтар Әуезовтің айтуы бойынша, «Жетісу ақындарының алтын дінгегі» атаған Сүйінбай мектебі, сол мектептің дүлдүл жүйрігі Жамбыл – Кенекенің ет жақын бауыры, кеменгер ұстазы болды. Жамбыл арқылы жыршылықтың тағалымын, Жетісу топырағында туындаған тасқынды өнердің өнеге-үлгісін балғын шағынан бойына сіңірді. Өнер, әсіресе ақындық өнер асыл құрыш сияқты қақтығыс-қайрауда шыңдалатынын ескерсек, Кенекен таланты өзі тұтас замандастарымен, Жамбыл төңірегінде шоғырланған үркердей ақын құрбыларымен өнер сайыстары кезінде үнемі шыңдалып, шымырланып отырғанын байқаймыз. Көрші қырғыз елінің төкпе жырауларымен танды таңға жалғастырған жыршы-манасшылары Кенен өнеріне қосымша қырмен сипат қосты. Міне, осылардың барлығы Кенекенің ақын, жырау ретінде қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Кенен өзі шығарған әндермен қоса, қырғыздың «Манасынан», «Көрұғылыдан» үзінділер, «Қобыланды батыр» эпосынан Тайбурылдың шабысын, Әсеттің «Әсетін», Балуан Шолақтың әндерін, грузин, орыс, украин, қырғыз, дүнген, татар ән-

дерін өз тілдерінде нақышына келтіре орындаған екен. Талай ұлттың өзі сияқты жыршыларымен жанр жағынан жақын бола тұра, еліктеуге ұшырамай өзіне ғана тән өнер туғызды.

Кенен – халықтың әншілік дәстүрінің бұзылмаған, ешқандай қоспасы жоқ ең соңғы өкілі. Ән-жырын Алатауға әкеліп шырқаған әншінің көкірегі – алтын сандық. Кенен әндерінің астарынан уақыттың тынысымен қоса, әнші-композитордың ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық-сазгерлік көрегендігін аңғарамыз. Кез келген шығармасында ерге лайық жалтақсыз сенім, ақынға лайық оптимизм, ақылгөйге лайық парасат жатады.

Әдебиеттанушы-ғалым Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың: «...Кенекенің болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді ділмәр тілді мінезге бай, көпшілі, қонақжай ерекше жан еді. Кенекен ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі аппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін», – деп жазған ой-пайымдары Кененнің бет-бейнесін одан сайын аскактата түседі.

Шынында өнеріне үнілсек, әндерін сараласан, Кененнің дүниетанымы бөлек. Кенен әндері уақыт талғамайды. Қазақ ұлтында әр онжылдықта он мың әнші-ақын туса аз тумас. Сонша өнерпаздың ішінде шығармалары ұмытылмай, жойылмай түгел жеткен бірден-бір бақытты автор – Кенен Әзірбайұлы. Бала күні ауыр өтсе де, қарттық шағы шұркыраған бала-шағасымен шаттықта өткен. Ол бақытқа да оңай жетпегені белгілі ғой. Алғашқы некесінен бала тоқтамай шетіней берген. Кейін екінші рет төсек жаңғыртып бала сүйді. Баласының ішінде шығармашылығына тікелей араласқаны – қызы Төрктен Кененқызы. Ол кісінің айтуы бойынша, әкесі қызына хат тани бастағалы бар шығармасын қағазға жаздырған екен. «Баламын ғой, жаза қолым талады, көзім шаршайды. Сонда әкем бар үмітім өзінсің деп отыратын» деп еске алады. Кейін кітапқа түсіп, қартайған шағында жезтандай дауысы таспаға басылды. Өз туған ауылы (қазіргі Алматы облысына қарасты Мәтібұлақ ауылы) Кенен ақсақалдың денсаулығына жарамай, қоныс аударуына тура келеді. Содан қазіргі Жамбыл облысына қарасты Кенен ауылына (ол кезде Киров колхозы) көшіп келіп, дертінен айығып 1976 жылы 92 жасында дүние салады. Бүгінде Қордай ауданы Кенен ауылында Әзірбайұлы атында әдеби-мемориалдық мұражайында зираты, өзі тұрған үйі музей ретінде қалды. Таудың етегінен орын тепкен ауылдың ауасы саф, желі майса.

«Екі Кенен тумайды, Алатауға ексен де», – дейді Кенен ағамыз. Киелі тұлғаның қайсысы да өз атын аттанға қосып ұрандайтын халықтанбыз ғой. Сөз жоқ, өнер аспанында бітімі дара, болмысы оқшау.

Бабамызға арнап сипаттық талдаудан тұратын мақала арнадық. Бүгінде газет беттерін ақтаратын халықтың жалына жаңғыру болсын деген ниет қана. Кенен Әзірбайұлы жайында теренірек білуге құмартқан иісі қазақ баласы болса әуелі басына зиярат етсін, одан кейін кең танылған шығармасына қанықсын. Әдебиеттану, фольклортану, өнертану, музыкатану ғылымдары тұсында зерттеуі терең ғылыми зерттеулер өмірге келсе екен деген тілегіміз және бар.

Карима АХАН,  
өнертанушы

# ҒАСЫР ДЕРТІ: ҚАРА НӘПСІНІҢ АПАРАР ОРНЫ – ҚАРА ЖЕР

ЖИТС – әлемді алаңдатқан қатерлі сырқат. Әсіресе, соңғы уақытта бұл аурумен жастардың жиі шалдығуы көпті алаңдатып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Жалпы, қауіпті дерттің тарихы жайында түрлі болжамдар айтылады. Мәліметке сәйкес, инфекцияны жұқтырған алғашқы адам – Миссури штатының тұрғыны Роберт Рейфорд есімді жасөспірім екен. Бұл бала 1969 жылы СПИД-тен көз жұмыпты. Келесі деректерде СПИД екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропада пайда болғаны айтылса, голландиялық зерттеуші қауіпті індеттің Балтық жағалауынан басталып, бүкіл Еуропаға таралғанын алға тартады. Тек бұл инфекцияны 1983-1984 жылдары ғана АҚШ пен Францияның қос ғалымы бірлесіп отырып анықтап, оған ВИЧ деген атау бергені жайында нақты ақпарат айтылады.

Қазіргі қоғамда бұл індетпен күрес шаралары бір сәтке де тоқтаған емес. Әлі күнге дейін ауруды ауыздықтап, ағзаны вирустан толық тазартатын вакцина жоқтан қасы. Яғни, сырқат жанның құлантаза айығып кетуіне ешкім кепіл бола алмайды. Сондықтан ақхалаттылар індеттен сақтану жолдарын ғана ұсынады.

Жалпы, елімізде де бұл қауіпті дерттің шырғауында қалған тағдырлар аз емес. Қызылорда облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының мәліметіне сәйкес, 2024 жылдың 4 айында аймақта 18 адам осы сырқат бойынша есепке алыныпты. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қалыпты деңгейде




тұрғанын көрсетеді. Оның басым бөлігін ер азаматтарды құрайды екен.

«Біздің орталықтың басты қызметі – АИТВ инфекциясына кезекте тұрғындарды тестілеу. Яғни, тұрғындардың АИТВ-ға статусын анықтау. Екіншіден, инфекцияға сапалы эпидемиологиялық бақылау жүргізу болса, үшіншісі донорлық қан қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондай-ақ мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасында алдын алу жұмыстарын жүргізу, тұрғындардың, әсіресе жастар арасында алдын алу жұмыстарын кеңінен насихаттау болып табылады. Сонымен қатар АИТВ жұқтырған науқастардың диспансерлік есепке алу, емдеу, анадан балаға берілу салдарын болдырмау мақсатында жұмыстар жүргізіледі. Қазір бізде жастар мен жасөспірімдер, мектептер мен колледждер арасында сырқаттың алдын алу жұмыстарына баса мән беріледі. Атап айтқанда, 2023 жылдың өзінде осы мақсатта 341 семинар тренингтер, жастар мен жасөспірімдер арасында 583 іс-шаралар өткізілді. Бұған қоса, акциялар мен тренингтер, кезде-сулер, сұрақ-жауап кештері ұйымдастырылады», – деп түсіндірді бұл жайында орталықтың бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Шолпан Өтегенова.

Дәрігердің айтуынша, негізінен бұл қауіпті індет адамға үш жолмен жұғады. Оның алғашқысы, жыныстық қатынас

пірімдер арасында 583 іс-шаралар өткізілді. Бұған қоса, акциялар мен тренингтер, кезде-сулер, сұрақ-жауап кештері ұйымдастырылады», – деп түсіндірді бұл жайында орталықтың бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Шолпан Өтегенова.

Дәрігердің айтуынша, негізінен бұл қауіпті індет адамға үш жолмен жұғады. Оның алғашқысы, жыныстық қатынас



арқылы жұғу қаупі өте жоғары. Сонымен қатар екінші жолы қан арқылы жұғу белсенділігі де орасан. Яғни, инъекциялық есірткі тұтыну кезінде бір шприцті пайдалану қауіпті індеттің таралуына зор ықпал етеді. Сондай-ақ үшіншісі, анадан жатырдағы балаға жұғу ықтималдылығы басым. Алайда АИТВ инфекциясымен ауыратын ана жүктілік кезінде вирускқа қарсы препараттарды қолданатын болса, нәрестенің сау туылу мүмкіндігі арта түседі.

«Осы орайда айта кету керек, жыныстық қатынасқа шектеу қоя алмаймыз. Дейтұрғанмен, жыныстық қатынас кезінде қорғаныш құралдарын, яғни мүшекаптарды қолданса, қауіпті індеттен әрбір тұлға өз-өзін сақтауға болады. Сол сияқты тұрмысқа шыққанға дейін жастар арасында жыныстық қатынасқа түспеуге кеңес береміз. Ең бастысы, тек қана бір жыныстық серіктеске адал болу маңызды. Мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасында АИТВ инфекциясының алдын алу бағытында «Сенім» пункті тұрақты түрде жұмыстар жүргізуде. АИТВ инфекциясының анадан балаға берілуінің алдын алу мақсатында жүкті әйелдерді жүктілік кезінде екі рет ВИЧ инфекциясының сынағасынан өткіземіз, – дейді Шолпан Жәнісбекқызы.

Ең қиыны сол, бүгінде сырқаттың жастар арасында таралуы өршіп тұр. Соның ішінде жыныстық қатынас арқылы жұғу дерегі азаяр емес. Әсіресе, кездейсоқ жыныстық қатынасқа бару кезінде қорғаныш құралдарын қолданбаудың салдары осындай қайғылы жағдайға соқтырып жататынын алға тартады.

Дәрігер мамандардың пікіріне сәйкес, қазір АИТВ инфекциясын толығымен жойып жіберетін вакциналар жоқ. Тек науқастың өмір сүру жасын ұзарту, аурудың белгілерін тежеу және адамның өмір сүру сапасын жақсартуға ғана мүмкіндік бар. Нақты айтқанда, вирускқа қарсы препараттарды қолдану арқылы АИТВ инфекциясының ЖИТС сатысына алып келуін тежеуге болады.

Тағы бір айта кететіні, АИТВ жұқтырған адамды оқшаулауға, танба басуға рұқсат етілмейді. Бұл кез келген адамның өз сырқатын анықтаудан бас тартып, сәйкесінше дерттің жылдам таралуына соқтыруы мүмкін деп есептейді. Егер де инфекция жұқтырған адам өзінің сырқат екенін біле тұра өзге адамға жұқтыруға әрекеттенсе, яғни қасақана сау адаммен жыныстық қатынасқа түссе, қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын да айта кету керек.

Негізінен, дертке шалдыққан адам өмір бойы СПИД орталығында диспансерлік бақылауда тұрады. Науқастан 3-6 ай сайын сынағалар алынып, тексерістен өткізіледі. Ең бастысы, бұл індеттің алдын алу, емдеу мақсатында дәрі-дәрмектер мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде тегін беріледі.

Орталықта арнайы зертхана жұмыс жасайды. Онда АИТВ инфекциясын анықтауда тіркеуде тұрған науқастардың түрлі сынағалары жасалады. Зертхана дүниежүзілік аккредитациядан өткізілгенін де айта кеткен артық болмас. Сонымен қатар облысқа қарасты Қазалы және Шиелі аудандарында орталық филиалдары болса, қалған 5 аудан мен Байқоңыр қаласында психосоциалдық кабинеттері жұмыс жасауда. Осы арқылы аудан, ауыл халқының АИТВ инфекциясына тұрақты тексерілуі қамтамасыз етілген.

Бүгінде орталықта штатқа сәйкес 92 қызметкер еңбек етіп жүр. Оның ішінде 28 дәрігер, 32 орта буын қызметкері қауіпті індеттің алдын алу бағытында жұмыс жүргізуде.

Жалпы, ақхалаттылар бойынша дерт жұқтырып, ертеңі елеске айналмасын деген әрбір адам сақтық шараларын қатаң сақтауы қажет екенін ескертеді.

Қызылорда облысы



Шымкентте жыл басынан бері скринингтің көмегімен 1 000-нан астам адамнан қатерлі ісік анықталған. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Шымкент қалалық филиалы мәлімдеді. МӘМС шеңберінде жүргізілген медициналық профилактикалық тексерулер 1 160 әйелде сүт безі мен жатыр мойны обыры және 44 адамнан тоқ ішектің қатерлі ісік ауруын ерте анықтауға мүмкіндік берген. Ауруды ерте сатысында анықтаудың арқасында науқастар дер кезінде ем қабылдауға кіріскен.

Назгүл НАЗАРБЕК

Айта кетсек, скринингтік тексерулердің көмегімен қауіпті ауруларды ерте сатысында анықтап, асқынулардың алдын алуға болады. Медициналық профилактикалық тексерулер міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыру шеңберінде тегін жүргізіледі. Жыл басынан бері аталмыш тексеру аясында Шымкентте 3 276 адамда қан айналымы жүйесінің аурулары, 500-ден астам тұрғыннан қан диабеті мен глаукома анықталған. Мамандардың айтуынша, скринингтік тексерулер мінез-құлықтық тәуекел факторлары, артериялық ги-

## ОБЫРДЫ ЕМДЕУ ҚИЫН, АЛДЫН АЛУ ОҢАЙ

пертония, жүректің ишемиялық ауруы мен қант диабеті, жатыр мойны обыры, сүт безінің қатерлі ісігі мен колоректалды обыр, глаукома, В және С вирустық гепатиттерін ерте анықтауға мүмкіндік береді. Тексерулер жаңа туылған нәрестеден бастап 18 жасқа дейінгі балалар, 30 бен 70 жас аралығындағы ересектер мен тәуекел топтары арасында жүргізіледі.

Шымкент қалалық Онкологиялық орталық директорының орынбасары Жұмағали Дәулетбек осы уақытқа дейін 7 924 онкологиялық науқастар «Д» есепте тұрса, осынау дерекке жыл басынан бергі 4 айда тағы 485 науқас қосылған.

Айта кетейік, дүниежүзінде жылына 14,2 миллион адамнан онкологиялық дерттің белгісі табылатын болса, оның 48 пайызы Азияда, 24,4 пайызы Еуропада, 20,5 пайызы Америкада, 6 пайызы Африкада анықталады екен. Әлемде қатерлі ісік дертінен жыл сайын 8,2 миллион науқас көз жұмады.

Оның 54,8 пайызы – Азияда, 21,5 пайызы – Еуропада, 15,8 пайызы – Америкада, 7,2 пайызы – Африкада. Осынау обыр дертінен өмірден өткендердің ең жоғарғы көрсеткіші – Ресейде. Ал бұл жөнінен Қазақстан тізімнің жетінші қатарында тұр. Сонымен бірге бір күнде дүниежүзінде 22 465 науқас қайтыс болса, елімізде 42 науқас, Шымкентте 2 науқас көз жұмады.

Дәулетбек Жұманұлы Шымкент қаласында 2023-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспардың Жол картасы аясында бірқатар іс-шара жүзеге асып жатқанын айтады.

«Алға қойған мақсат – онкологиялық қызметті жақсартып отырып, онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау және олардың 5 жыл және одан артық өмір сүруін арттыру. 2024 жылдың 4 айлық индикаторлардың орындалу барысы, атап айтқанда, бірінші индикатор онкологиялық аурулардың ерте кезеңде І сатысында анықтау

жоспар бойынша 23 пайыз болса, бұл көрсеткіш 24,4 пайыз болды, жоспардан үлес салмағы 5,7 пайызға артқан. Екінші индикатор – 5 жыл және одан артық өмір сүруі жоспар бойынша 52 пайыз болса, 54,4 пайызға жоғарылады, жоспардан үлес салмағы 4,4 пайызға артқан. Үшінші индикатор – сырт көріністі III-IV сатысындағылар жоспар бойынша 15,8 пайыз болса, бұл көрсеткіш 6,6 пайызға төмендеген. Төртінші индикатор – онкологиялық аурулары бар пациенттерді сәулелік емдеумен қамту жоспар бойынша 36,2 пайыз болса, бұл көрсеткіш 36,8 пайыз болды. Жоспардан үлес салмағы 1,6 пайызға артты», – дейді қалалық Онкологиялық орталық директорының орынбасары Жұмағали Дәулетбек.

Сондай-ақ Жол картасындағы бесінші индикатор болып табылатын онкологиялық аурулардың салдарынан қайтыс болатындардың санын төмендету жоспары да біршама реттелген.

Шымкент қаласы

Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, ертеректе Жуалы ауданында мың бұлақ көзі болған екен. Осы бұлақтан шыққан су Теріс өзеніне түсіп, одан ары қарай Ақсай мен Көксайға келіп құйылған. Бұл жайында 846 жылы араб жиһангері Хордабек өз жазбаларында қалдырған.

«Мың бұлақтан ағып шығып, бір арнада тоғысатын өзен көрдім. Өзен шығысқа қарай ағады. Өзеннің атауы — Баркуаб. Бұл сөздің мағынасы кері бағытта ағатын өзен дегенді білдіреді. Өзеннің екі жағасы тұтасқан орман-тоғайлар мен қалың құрақ. Осы жерлерде тұрғындар қырғауыл аулайды», — дейді жазбасында жиһангер.

Теріс өзенінің негізгі бастауы болып табылатын Шақпақ өзені Өтем жотасына бастау алады. Ертеректе Өтем жотасы «Ортақтау» деп аталған. 1857-1858 жылдары осы өңірді зерттеген орыс ғалымы Н. Северпов Ортақтау туралы құнды жазба қалдырған.

«Ортақтаудан екі өзен ағып шығады. Бірі батысқа, екіншісі шығысқа қарай ағады. Осы шығысқа қарай ағатын өзеннің ерекшелігі — жоғарыдан төмен емес, төменнен жоғары қарай ағады», — дейді ғалым жазбасында.

Ал зерттеуші В.Каллаур Теріс өзенін ерте заманда «Иркут» деп атағанын айтады. Сондай-ақ Иркут өзенінің екі жағалауында да Ұлы Жібек жолының сүрлеуі жатқанын жазады. Көпестердің бірі Күйік асу арқылы жүрсе, енді екіншілері Ақтөбе, Күркүреусуды жағалай Жолкуат аңғарымен Қызыладыр арқылы Таразға жеткен. Ал сол тұста Терістің жағасындағы қалың тоғайда мәлім секілді жабайы мысықтар көп болған дейді саяхатшылардың деректері.

Қасиетті Әулиеата өңіріндегі Жуалы ауданы Ер Бәукең есімімен астасып жатыр. Батыр Бауыржан Момышұлының кіндік қаны тамған өлке қаһарман ұлдарымен қатар, тылсым табиғатымен де танылған мекен. Мұнда Қаратау жотасының оңтүстік-шығыс баурайынан бастауын алып, бұрала ағып барып «Теріс-Ащыбұлақ» бөгеніне құятын Теріс өзені бар. Аталған су айдынының ерекшелігі, таудан төмен емес, жоғары қарай ағады.



## ТЕРІС АҒАДЫ

51 шақырымға созылатын Теріс өзені бұлақ суларымен толығып, Алатаудан арқырай ағып келетін Күркүреусуға қосылып, Аса өзеніне айналып отырған. Одан әрі Билікөзді толтырып, Ақкөл асып, Мойынқұмның құмына барып сіңген.

Ертеректе Теріс өзенінің жағалауына үлкен қалалар да салынған. Соның бірі — Баркуаб қаласы. Үш қабатты үйлері мен көріз жүйесі жүргізілген көне шаһар қазір ақбас ғалымдардың өзін таңғалдыруда. Ортағасырдағы тағы бір қалашық қазір «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасының астында қалғанын да ғалымдар растап отыр. Бүгінде су қоймасының сыйымдылығы 158 миллион текше метрге шақталған. Ұзындығы 13 шақырымға дейін жетеді. Сондықтан су қоймасының астында қалған көне қалаға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу мүмкін болмай тұр.

Теріс өзенінің айналасындағы тарихи орындар жайлы В.Бартольд пен В.Каллаур мол мұра қалдырған. Каллаур «Мыңбұлақ» жайлы терең зерттесе, В.Бартольд Теріс өзенінің айналасында үш қала болғанын айтады. Оның бірі Баркуаб болса, қалған екеуі Құлантауындағы «Үлкен» және «Кіші» аталатын қалашықтар. Алайда



бұл қалашықтар бүгінгі күнге дейін толық зерттелмеуде.

Ғалымдардың зерттеулеріне қатысты тарихшы, ғалым, археолог Сауран Қалиев те өз ойын қосуда.

— 1895 жылы Ресей патшасының жарлығымен Түркістанда археологиялық әуесқойлар үйірмесі құрылады. Міне, осы үйірмеге В.Бартольд мен В. Каллаур мүше болған. Осы ғалымдар Теріс өзені туралы мол деректер қалдырған. Соның бірі — Терістің көне атауы «Иркут» болғаны. Ал «Иркут» көне түрік сөзі. Мағынасы «кері», «теріс» дегенді білдіреді. Осыған

қарап Теріс көнеден келе жатқан өзен екенін аңғаруға болады, — дейді ғалым.

Тағы бір жазбаларда Теріс өзенінің бір мезгілде ағысы қайта оң болып қалатыны айтылады. Алайда бүгінгі дәуірде мұндай құбылыс әлі болған жоқ.

Теріс өзенінің атауына қатысты аңыз да аз емес. Ел аузында жүрген аңызда бір әулие кісінің теріс батасы өзеннің ағысын кері бұрған деседі. Тағы бір аңызда есте жоқ ескі заманда бір абыз өзеннің тұсында арғы бетке өте алмай өткел іздеп, әбден әбі-

гер болған бір топ адамды көріпті. Олардың күйзелісіне шыдай алмай, Тәңірден сол өзеннің ағысын кері болуын сұраған екен. Абыздың тілеуі қабыл болып, арнасынан асып жатқан өзен бірден ағысын өзгертіп, халық иіріліп тұрған тұсы өткел болған көрінеді.

Тағы бір аңызға сүйенсек, жаугершілік заманда дұшпандары жан-жақтан қысқан халық бас сауғалау үшін тауға қарай қашады. Әлі құрыған балалар мен егде жасқа келген қариялар Тәңірден өзен арқылы ілгері көтерілуді тілепті. Көптің тілеуін Жаратқан қабыл кылып, өзен жоғары қарай ағып, халық ағыс арқылы діттеген жеріне жетіп алған екен. Осылайша, олар жау қылышынан аман қалған.

Әрине, бұл — ел аузында жүрген аңыз. Алайда аңыздың да ақиқатпен астасатын тұсы болады. Бір анығы, Терістің атауы да, болмысы да тылсымға толы. Оның не себепті Теріс ағатынын ғалымдар осы күнге дейін таба алмады. Кейбір ойшылдар бұлай теріс ағатын әлемде екі-ақ өзен барын айтады. Орынның өзі Теріс өзенінің қасиетін астыруда. Кім біледі, бәлкім, бір күні Терістің де құпиясы ашылар. Алайда оны қай ұрпақ көретіні бір Аллаға ғана аян.

Жамбыл облысы

## ЖАҢА ҮРДІСКЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ұлытау облысында 2023-2025 жылдар аралығында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде бір ауысымда 3 600 оқушы орнын қамтитын 6 мектеп салынады деп жоспарлануда. Оның үшеуі қалалық жерде, үшеуі ауылдық елді мекендерде салынады.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылуда. Жоба аясында елімізде 740 мың орындық 369 заманауи мектеп ашу жоспарланған. Бұл өз кезегінде апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселелерін шешеді.

Ұлттық жобаны іске асыру үшін 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджеттен 2,4 трлн теңге қарастырылған.

Мемлекет үшін «Жайлы мектептердің» құрылысы өте маңызды жоба, өйткені ол білім беру нысандарын жұмысқа енгізуге және өскелең ұрпақ үшін жаңа үрдістер мен ІТ технологияларды ескере отырып, заманауи мектептерде оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жезқазған қаласында биыл пайдалануға беріледі деп жоспарланған 300 орындық бірінші жайлы мектептің құрылысы басталып кетті. Тағы да осындай 5 жайлы мектеп келесі жылы есігін айқара ашады деп жоспарланған. Атап өтсек, Жезқазған қаласының «Батыс» шағынауданында — 1 200,

Сәтбаев қаласының 8 шағынауданында — 900, Жаңаарқа кентіндегі «Жаңа Нұр» шағынауданында — 600, Жаңаарқа ауданының Түгіскен ауылында — 300, Ұлытау ауданының Ұлытау ауылында 300 орындық мектеп құрылысы жоспарланып отыр.

Ұлытау облысы Білім басқармасының хабарлауынша, жалпы есеппен 6 мектептің құрылысына республикалық бюджеттен 25,6 миллиард теңге қарастырылған.

Барлық мектеп бойынша тиісті жер телімдері анықталған.

Ұлттық жоба шеңберінде жоспарланып отырған мектептер білім алушыларға жайлы, қауіпсіз

болатындай бірыңғай стандартпен салынады. Сонымен қатар бұл мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне қажетті жабдықтары, пәндік кабинеттері, техникалық құрылғылары мен жиһаздары да толығымен белгіленген қаражат арқылы жабдыкталады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасының шеңберінде ашылатын мектептерге директорларды бекітуге де ерекше талап қойылады. Директорлыққа үміткерлер «Білім берудегі өзгерістер көшбасшыларын іріктеу және даярлау тәртібіне» сәйкес тандалады. Қазір тәртіпке сәйкес іріктеу туры жүргізілуде.

Ұлттық жобаны іске асырушы бірыңғай оператор болып Samruk-Kazyna Construction компаниясы белгіленген.

Бүгінде жайлы мектептердің құрылысы бойынша барлық құжаттама электронды форматқа көшірілді. Бұл мемлекетіміздің құрылыс саласын цифрландырудағы үлкен серпіліс екені анық.

— Жайлы мектептерді жобалау, салу және жабдықтау бойынша барлық құжаттама электронды форматта жүргізілетін болады. Бұл жүйеде сұбайлас жемқорлық қауіп-қатері жоқ. Құрылыс саласында біз «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында елімізде бірінші болып E-Qurylyс жүйесіне көшіп жатырмыз. Құрылыс жұмыстарына аса жауапкершілікпен қараймыз. Мердігерлердің жұмысы да бақылауда. Компаниядан апта сайын техникалық есептер талап етіледі. Құрылыс жұмыстары барысында сапаға басымдық береміз, — дейді SamrukKazyna Construction басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов.

Жезқазған қаласының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында құрылысы басталған білім ордасы Жезқазған қаласына қарасты Қабанбай шағынауданында салынып жатыр. Жоспар бойынша жыл соңына дейін құрылыс аяқталуға тиіс.

200-ден астам отбасы тұратын елді мекенде бұрын-соңды мектеп болмаған. Мердігер — «Nur Astana Kurylyс» компаниясы.

Мұндағы 300-ге жуық оқушы автобуспен Жезқазғанға қатынап оқып келген болатын.

— Оқушылардың орын жетіспеушілігі Жезқазған қаласында, Сәтбаев қаласында, яғни халық көп қоныстанған жерлерде бар. Қазір облыста жаңадан ашылатын мектептер болсын, қазіргі мектептер болсын педагогтермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүріп жатыр. 2022 жылда да, 2023 жылда да бізде 300-дей педагогтің қажеттілігі болған. Мұғалімдер тапшылығын жою мақсатында Білім басқармасы өзге облыстардағы университеттермен байланыс орнатты. Соның нәтижесінде былтыр өңірге 155 жас маман келді, — дейді Ұлытау облыстық Білім басқармасының басшысы Сапура Төлекова.

Бір жақсысы, жаңадан салынып жатқан білім ошағында жылу мәселесі болмайды, өйткені нысанға жеке модульді қазандық салынады.

Ғимарат 5 блоктан тұрады. Білім ошағында 25 орындық даярлық тобына орын қарастырылған. Айналасында спорт, футбол, work out, іс-шаралар өткізуге арналған алаңдар орналасады.

Ұлытау облысы



## БАР ЖАҚСЫМЫЗ – БАЛАЛАРҒА

**Ұлытау облысының мектептері жаңа көлікпен қамтылды. Аймақтағы мектептерге арнайы сатып алынған 10 шағын автобустың кілтін өңір басшысы Берік Әбдіғалиұлы табыс етті.**

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Шағын автобустар Маруа Құлшешева атындағы қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығына, Жезқазған қаласы білім бөлімінің №9 мектеп-интернатына, Қаражал қаласы білім бөлімінің №6 жалпы білім беретін мектебіне, Жаңаарқа ауданының Сәкен Сейфуллин атындағы, Ақтау ауылдық, Жанайдар Садуақасов атындағы, Ынтымақ мектебіне, Ұлытау ауданы Жезді мектеп-интернатына, Ұлытау ауданы №7 және №4 ЖББ мектебіне берілді.

— Облысымызда 88 мектеп бар болатын болса, оның 18-інде 1 026 оқушы мектепке тасымалданады. Қазіргі қолданыстағы мектеп автобустарын кезең-кезеңмен жа-

нартуды жоспарлап отырмыз. Былтыр 10 мектеп автобусын сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 462 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар Ұлытау ауданының мектептеріне 60,5 млн теңгеге 5 автокөлік сатып алынды. Автобустар мектептерге берілді, балалардың игілігі үшін пайдалануда, — деді облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы жиында.

Айта кету керек, өңір балаларына, оның ішінде шалғай ауылдардағы оқушылардың қолайлы жағдайда білім алуына жол ашу мақсатында Ұлытау облысы құрылғалы екі жылдың ішінде 26 көлік табыс етілген болатын.

Мұндай игілікті шара алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ұлытау облысы



## ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа арнаған Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Білік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптас-тыруға болады», — деп атап өтті.**

Назгул НАЗАРБЕК

Осы бағытта Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды бекітілген кестеге сай облыс тұрғындармен кездесу шараларын жалғастыруда. Дархан Амангелдіұлы Түркістан қаласы тұрғындарымен кезекті кездесуін өткізді. Басқосуда Түркістан қаласын дамыту жолдары қаралып, тұрғындардың өтініштері, ұсыныстары, сұрақтары тыңдалды. Өңір басшысы облыс орталығында атқарылған жұмыстарға тоқталып, кемшіліктерді жою жөнінде де ой қозғады.

— Түркістан қаласының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне қысқаша тоқталсақ, өсім байқалады. Жалпы, өңірлік өнім көлемі 2021 жылдан бері 38 пайызға өсіп, 2023 жылы 370 млрд теңгеден асты. Биыл 4 айда бұл көрсеткіш 78 млрд теңгені құрап, былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 15 пайызға өскен. Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны соңғы 3 жылда 82 пайызға өсіп, 22 мыңнан асты. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2023 жылы 26 млрд теңгені құрап, жоспар 1,8 млрд теңгеге артығымен орындалды. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 356 млрд теңгені құрап, жоспар 7 млрд теңгеге артық жүзеге асты. Құрылыс саласында да өсім бар. Біз өндіріс орындарын көбейту, инвестиция тарту жұмыстарын күшейте береміз. Олай жасамаса болмайды. Біз әкімдік тарапынан инфрақұрылым, әлеуметтік нысандарды салып береміз. Бірақ тұрғындар өз үйінің, өз ауласы мен көшесінің тазалығын сақтауға үлес қосулары тиіс. Бұл ретте «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қолдау көрсеткен түркістандықтарға алғысымды білдіремін, — деді Дархан Сатыбалды.

Жиында өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 2023 жылы 16,5 млрд теңгеге жеткенімен, жоспар толық орындалмағаны айтылды. Сонымен бірге қаржыны игеру, салық түсімдері бойынша кемшіліктер сөз болды. Азаматтарға пәтерлерді сатудан түсетін түсімдерді ұлғайту, кәріз жүйесі және өзге де мәселелерге байланысты жұмысты ширату жөнінде тапсырма берілді. Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбеков атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап, алдағы жоспарларға да тоқталды. Жалпы, Түркістанның туристік әлеуеті көтеріліп, экономика жақсарып келеді. Кездесуде тұрғындар тарапынан өтініштер мен ұсыныстар айтылды. Сонымен бірге жеке қабылдауда тұрғындардың мәселелері ашық айтылып, хаттамаға енгізілді. Ол түйткілдерді шешу бойынша жұмыс жүрмек.

Сонымен қатар облыс әкімі Кентау қаласында болып, тұрғындармен кездесті.

— «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Кентау қаласында 2023 жылы 2 елді мекенде 7 жобаны іске асыруға облыстық бюджет есебінен 242 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, Хантағы және Ащысай елді мекендеріндегі 18 көшеге 242 млн теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы 3 елді мекенде 6 жобаны іске асыру үшін 477 млн теңге қаралды. «Ауыл

аманаты» бағдарламасы бойынша 492 млн теңгеге 92 жоба қаржыландырылды. АҚШ-тың белгілі инженері Илон Масктің Starlink спутниктік интернет құрылғысы Кентау қаласында 2 мектепте іске қосылды. Кентаудың жалпы өңірлік өнім көлемі 2021 жылдан бері 26 пайызға өсіп, 2023 жылы 76 млрд теңгеге жетті. Биыл 4 айда бұл көрсеткіш 23 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға өскен. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 46,7 млрд теңгені құрап, жоспар 784 млн теңгеге артығымен орындалды. Дегенмен Кентаудың әлеуеті бұдан да жоғары. Біз елдің табысын көтеру үшін жұмыс орындарын ашу, инвестиция тарту мәселесін күн тәртібінен түсірмейміз. Басым бағытымыз – зауыттар мен кәсіпорындар ашу. Инвестор тарту, жобаларды жүзеге асыру өте қиын. Бірақ жұмыс жүріп жатыр. Кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге дайынбыз, — деді Дархан Сатыбалды.

Одан кейін облыс әкімі Дархан Сатыбалды тұрғындарды жеке қабылдады. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан жер мәселесі бойынша, баспанамен қамту саласына қатысты, мәдениет үйінің құрылысын жүргізу жөнінде, жылу энергоорталықты қайта құрылымдау мәселелеріне қатысты сауалдарға жауап берілді. Тұрғындармен өткен кездесуден кейін, өңір басшысы жеке қабылдауын өткізіп, азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдады. Айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстар хаттамаға енгізіліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

Облыс басшысы Дархан Сатыбалдының өңірлердегі тұрғындармен кездесу шаралары кестеге сай жалғаса бермек.

Түркістан облысы



**«ГПЭС үшін майлау майлары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру**  
«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПЭС үшін майлау майлары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 14, 2024 жылға жалпы сомасы 151 483 151,44 теңге, ҚКС-сыз).  
Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.  
Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.  
Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.  
Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).  
Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 10:00-ге дейін.  
Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 25 маусымда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.  
Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

### Объявление о проведении открытого тендера по закупке товаров «Масла смазочные для ГПЭС»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Масла смазочные для ГПЭС». (Количество лотов – 14; общая сумма на 2024 год – 151 483 151,44 теңге без учета НДС).  
Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.  
Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.  
Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.  
Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.  
Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 25 июня 2024 года.  
Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 25 июня 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.  
Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

### «СКС-1-дегі ГЕТ-ке техникалық қызмет көрсету» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «СКС-1-дегі ГЕТ-ке техникалық қызмет көрсету» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.  
Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

**Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание УУГ на СКС-1»**  
ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Техническое обслуживание УУГ на СКС-1» — несостоявшимся.  
Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.



# САЯЖАЙ ХАЛҚЫ

## БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

**Орал қаласында үйлері суға кеткен саяжайлықтарға үй беріле бастады. Үш айға жуық ағайын тума мен эвакуациялық пунктті жағалап өмір сүрген саяжайлықтар өз баспаналарына қол жеткізіп, мәре-сәре болып жатыр.**

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Батысқазақстандықтар үшін биылғы көктем жайсыз болды. Қыстан аман шықтық па деп әуірімдеп көктемге жеткеніне қуанған халықтың қуанышын аяқасты еріген қарғын су бұзды. Алдымен Сырым, Қаратөбе, Теректі аудандары қарғын сумен күресті. Оның бетін қайтара бергенде облыстағы ірі өзендер тасып, қала іргесіндегі саяжай біткеннің бәрі судың астында қалды. Мамандар 15 мыңға жуық саяжай учаскесін су басты деп отыр. Сол қала маңындағы саяжайда 20 мыңнан астам адам тұрады. Суға кеткен 1,2,3, және Нұрлы жол саяжайларында халық

тығыз қоныстанған. Өкінішке қарай, саяжайлардағы су әлі кетпеді. Тек кейбір аймақтар ғана дегдіп, мамандар өтіп, техникалық тескеріс жүргізіп жатыр.

Бірақ осыған қарамастан жақсы жаңалық та, қуанышты күндер де бар. Орал қаласының маңында саяжайда тұратын тұрғындар үйлі бола бастады.

Саяжайдағыларға үй тек бір ғана талаппен беріледі. Саяжайда жалғыз баспанасы болуы керек. Әзірге Орал қаласында ірі кәсіпорынның қаражатына 50 үй сатып алынған.

Үйлі болған отбасылардың қатарында Шәкіровтер отбасы бар. Олар саяжайдағы үйлерінің орнына су жаңа пәтер алып отыр. Шәкіровтер отбасында бес бала бар. Отбасы 13 жыл бойы қала

іргесіндегі 1-саяжайда тұрыпты.

— 13 жыл бойына саяжайда тұрдық. Бүгінге дейін 5 баламен эвакуациялық пунктте тұрып келдік. Шынымды айтайын, тез арада үйлі боламыз деп ойламадық. Қуанышымызда шек жоқ, бәріне ризашылығымызды білдіремін, — дейді Ләйла Шәкірова.

Жасыратыны жоқ, саяжайда тұру да онай шаруа емес. Қаладан қашықтығы бар, оның үстіне қоғамдық көлік қатынамайды. Мектеп, балабақша, емхана дегендер атымен жоқ. Қаладан үйлі болып жатқандар осы қиындықтың бәрі артта қалғанына риза. Енді олар қала ортасындағы әдемі, жарық жаңа пәтерде тұрады.

Бүгінде комиссия саяжайдағы 3 мыңнан астам адамның үйін

жалғыз баспанасы деп таныпты. Бірақ бұл сан әлі өзгереді. Себебі су кетпей, комиссия өте алмай тұрған саяжайлар бар.

— Саяжайда тұратын азаматтардың қатарында 120-150 шаршы метрлік үлкен үй салып алғандары бар. Олардың қалада 20-25 шаршы метрлік бір бөлмелі жатақханалары бары анықталды. Әзірге, осындай 100 шақты отбасыны анықтадық. Бұдан бөлек, 300-дей азаматтың ауылдық жерде тіркеуде тұрған үйлері бары анықталды. Бірақ ол үйлер қазір жоқ, бұзылған. Азаматтар

кезінде қалаға көшкенде өз аттарынан сол үйлерді шығармаған. Біз осы жоғарыдағы екі топқа да түсіністікпен қарап отырмыз. Оларға үй береміз. Немесе үйлерін жөндейтін қаржы бөлеміз, — деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Азамат Халелов.

Жалпы, қалада қазір 62 саяжайлық үйлі болды. Ал эвакуациялық пункттерде әлі күнге дейін 2 242 адам тұрып жатыр. Айта кетейік, жалпы облыс бойынша 401 үйдің құрылысы жүруде.

Батыс Қазақстан облысы



## Текелі таза суға қашан жариды?

**Заманында сирек кездесетін кенінің арқасында дәуірлеп тұрған Текелі қаласының қазіргі жағдайы да жаман емес. Кен-байыту комбинаты жұмысын тоқтатқан соң, шағын шаһарда кәсіптің балама түрлері дамып, шағын және орта кәсіпкерлік өркендеді. Туризм қанат жайды. Таудағы табиғат байлығын пайдалану өрістеді. Соның арқасында жұртшылық көштен қалмай, елмен бірге арбаларын сүйреп келеді.**

Болат АБАҒАН

Дегенмен Текелі тұрғындарын жылдар бойы мазалап келе жатқан бірнеше мәселе бар. Соның басында тұрғандардың бірі — қалалықтардың таза ауызсудан тартылып калатыны. Әсіресе, көктем мен күзде үйлерге тартылған құбырлармен келетін су лайланып кетеді. Бұл жылда қайталанатын жағдай. Асқар шындардан бастау алатын Қора және Шажә өзендері кесіп өтетін, тауының баурайын түртіп қалсаң бұрқырап бұлақ шығатын Текеліде таза ауызсудан тапшылық көру деген тіптен ақылға да сыймайды. Кейінгі жылдары ауызсулары жийлеп кеткен облыс басшылары да, қала әкімдері де халықпен кездескенде таза сумен қарық қыламыз деп уәдені үйіп-төккенімен, соларының біреуі де жүзеге асқан жоқ. Тағы бір мәселе — ол табиғи газдың тартылуына қатысты. Бұл да жыл сайын шешіледі дегенмен, әлі күнге сибірқұймышаққа салынып келеді.

Күні кеше Текеліге арнайы барып, барлық мәселемен жете танысып, тұрғындар-



мен жүздескен облыс басшысы Бейбіт Исабаев халықты мазалаған сауалдарға жауап берді. Облыс әкімінің айтуынша, Текелі қаласында жылдар бойы күрмеуі шешілмей келе жатқан ауызсу мен табиғи газ мәселесі биылғы күзде түпкілікті шешіледі. Газ тарту жұмыстарының бүгінде 80 % жуығы аяқталған. Ал бұрын ашық өзен суынан алынатын ауызсу енді арнайы қазылған 3 ұңғымадан тартылады, сүзгі стансасының ішкі қондырғылары жөнделіп, текеліліктер таза ауызсуға қол жеткізетін болады.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов Текелінің газдандырылу барысынан хабардар етті. Оның баяндауынша, қалаға газ тарту желісінің құрылысын «Алия Сервис» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Газ желісінің жалпы ұзындығы — 194,3

шакырым, бүгінде соның 142 шакырымы төселіпті. Қаладағы 190 көпқабатты үйдің қазір 176-сы газ желісіне қосылған. Жалпы, жобаның сметалық құны — 5,6 млрд теңге. Былтыр 3 млрд теңгеге жуық сома игерілген, ал биыл қалған қаражат бөлінді, ол қараша айында түгел игеріліп, тұрғындар табиғи газға қол жеткізеді.

Ауызсу мәселесі жөнінде қала әкімі Алмас Әділ хабарлама жасады. Оның баяндауынша, күрделі мәселенің күрмеуін тарқату мақсатында қалада сумен қамту инженерлік желілерінің құрылысы жүргізіліп, жоба жоспарға сәйкес аяқталыпты. Ендігі жұмыстар бұрыннан қолданыстағы су құбыры желілерінің едәуір тозып кетуіне байланысты, ондағы 400-ге жуық ысырманы ауыстыруға қатысты жүргізілуде. Бұл жұмыс осы

маусым айында басталады. Су сорғы стансасына ағымдағы жөндеуден өткізіледі. Құрылыс жұмыстарының бәрі қыркүйек айында аяқталып, таза ауызсу беріледі деп болжанып отыр. Оған қоса, кезең-кезеңімен қаланың магистралды су желісіне, сол сияқты «Металлург», «Достық», «Алатау» шағынаудандарындағы су құбыры желілеріне қайта жаңғырту жүргізу жоспарланған.

— Текелі қаласы халқының жылдар бойы шешілмей келе жатқан екі күрделі проблемасы — газдандыру мен ауызсуға қатысты мәселе биыл шешіледі. Газдандыруды жоспар бойынша қараша айында аяқтасақ, «Текелі Энергокешені», «Текелі тау кен байыту кешені», «Электромарганец» сияқты жүйе құраушы ірі кәсіпорындардың барлығына, жалпы қала халқына газға қосылуға мүмкіндік жасалады. Бұған дейін Текелі халқына ауызсу Шажә мен Қора өзендерінен, яғни жер бетіндегі су көздерінен алынып, ескі сүзгі стансасы арқылы тазаланып, беріліп келді. Халықтың тарапынан объективті түрде арыз-шағымдар түсетін, әсіресе көктем-жаздағы жауын-шашын кездерінде су лайланып, сапасы төмендейді. Сондықтан біз былтыр 3 ұңғыма қазып, су шығардық, 16 шакырым желіні жаңадан тарттық. Сонымен бірге әрқайсысы 3 мың текшеметр болатын 2 резервуар салынды. Биыл жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, сүзгі стансасының ішіндегі қондырғыларын жөндейміз. Соның нәтижесінде сағатына 600 текшеметр су сүзгіден өткізіліп, таза су беруге мүмкіндік туып, текеліліктер тазарған ауызсуға қол жеткізеді. Мұның бәрі халықтың өмір сүру сапасына, тұрмыс жағдайына оң әсер етеді. Сондықтан нысандардың құрылыс жұмыстары ең бастысы сапалы жасалуға тиіс, — деді облыс әкімі сапар қорытындысында.

Жетісу облысы

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,  
шакқан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәніров

«Күле білу — өмір,  
күлдіре білу — өнер,  
күлкі болу — өлім».

Сейіт Кенжеахметұлы

# АРА



8.06.2024 ж.

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

Аударма саласына да дендеп атсалысып, «Әлем әзіл әңгімелері» атты шетел сатириктерінің әзіл әңгімелерін аударып, кітап етіп оқырманға ұсынды.

Сондай-ақ әлемге әйгілі тұлғалар мен қазақ қайраткерлерінің тауып айтқан тапқыр сөздерін құрап «Бірде...» деп, айтқыштардың айтқандарын құрап «Ауылдың айтқыштары» және «Ауыл әзілдері» деп қос жинақты қалың көпшілікке тарту етті. Бір дұрысы, аталған кітаптар түгелдей тек «мемлекеттік тапсырыспен» жарық көрді.

Біз сатираның сайыпқыраны Берік Садырды 70 атты мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, сұхбат жүргізіп, әзіл әңгімесі мен аудармасын, тағы басқа қысқа да нұсқа әзіл-оспақтарын оқырманға ұсынып отырмыз.

— Саналы ғұмырыңыз баспасөзбен байланысты екен, журналистикаға бет бұруыңызға не жағдай себеп болды?

— Филологияны бітіріп, тек мұғалім болатыныма сенімді болатынмын. Ал жазып кету үш ұйықтасам түсіме кірген емес.

Бітіріп, Райымбек ауданындағы «Қызылшекара» сегіз жылдық мектептің жоғары сыныбына тіл-әдебиеттен дәріс беру бұйырды да, келесі жылы әкем Алматыдан қазынадан үй алып, мен болсам бойдақпын, ілесіп қалаға келуге тура келді... Ол кезде мұғалімдікке орналасу өте қиын екен. Бос жүруге болмайды, қара жұмыс істеуге тура келді.

Әкемнің арқасында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті редакторының орынбасары Сағат Әшімбаевқа барып корректорлық жұмысқа тұрдым. Онда 8 ай жұмыс істеп, секретариатқа ауысып, макет сызуға тура келді. Яғни, менің журналистикаға осылай басталды. Газет қызметкері болсам да өндіріп мақала жазған емеспін. Қайда жүрсем де тек секретариатта болып, 1996 жылы ғана әзіл-оспақ жанрына бұрылуға мүмкіндік туды.

— «Жазып кетуге» не себеп болды?

— Университет бітіріп, екі жыл қызмет істеп жүріп те сол жазуға құлқым болмапты. «Лениншіл жас» газетінің «қазанына» тап болған соң бір күні ойыма мұғалім болып жүргендегі бір оқиға оралып, соны қағазға түсіруге тура келді.

Әлі есімде, ауылда мұғаліммін. Бір күні менен басқа ұстаз атаулы абыр-сабыр, «Басекен кетті... шығарып салайық!» деп мектепті бір маған табыстап ізім-ғайым тайып тұрғандары бар... Ойыма келгені: «Басекен марқұм болып... соны шығарып салуға кеткен екен...» болды. Кейін білсем, басекеннің (совхоз директоры) қызметі өсіп ауданға барып, ел-жұрты сол кісінің көшін «шығарып салуға» жөңкіген екен...

Содан жазғаным, тұңғыш қолжазбам 1980 жылдың 22 ақпанында «Қолпаш» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

— Кеңес заманы кезінде, «Қазақ әдебиеті» газетінде жұмыс істеп жүргенде бір сатиралық әңгіменіз «Америка дауысы» радиосынан беріліп, басыңыз дауға қалыпты ғой?..

— Ертенгілік бас редактор шақырып: «Үстіңнен Қонаевқа арыз түсіпті!» деп төбемнен ұрғаны... Анау-мынау емес, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің басшысының атына... Сасқандыкі: «Қандай арыз?...» деп мінгірете

Күні  
кеше ғана  
сатираның сарбазы бо-  
лып жүрген Берік Садыр бүгінде  
осы саланың қанаты қатайып кеткен  
сардарлары қатарына кіріп, қазақы  
қалжың ақсақалдарының біріне айнал-  
ды. Бірнеше топтама жинаққа сатиралық  
әңгімелері енген қаламгердің 1987 жылы  
«Не десем екен?!» атты алғашқы әзіл-  
сықақ кітабы жарық көрсе, одан соң  
«Қосымша ми», «Біз есек айтпаймыз»,  
«Ойсоқты», «Ойхой өмір», «Социа-  
лизм сатирасы» жинақтарын  
шығарды.



## Сатираның

калыппын. Шерхан Мұртаза кіжірейген қалпы: «Өткендегі «Кезек оныкі...» деген шошалаңды («Қазақ әдебиеті», 11 қаңтар, 1983 жыл) АЗВИ-дің бір студенті оқып, «шопандарды өстіп мазактауға бола ма?» деп арыз жазыпты. Мәселен қиын! Кетуін керек шығар!..» деп бөлмесіне кірген орынбасары Әбіраш Жәмішевке: «Ректорына звондаңыз... ондай студент жоқ болса, онда жоғарыға бұның көркем дүние екенін айтып түсініктеме жазыңыз» деді. Ал керек болса, пәле аяқасты деген осы-ау... 100 жол әңгімесін жариялап, 200 жол түсініктеме жаздырғанды кім жақсы көрсін...

...Күні бойы қорыққаннан түнеріп, басыма қара бұлт үйіріп, түңілдім де отыр-

лансын» деген бұйрық келіпті» дегені... Төбеден таспен ұрды деген осы, омақаса құламасам да, опырылып отыра қалдым... «Қап, ит-ай ә, бұл әңгімені қайдан ғана жаза калып едім... қайдан ғана газетке бере калып едім... анда отырған әшейіндегі қырағы көздер қайда қараған?!» деп далбасалаған боламын... Істерге шараң жоқ, есек судан өтіп кетті, артын күтіп, жазанды алғаннан басқа амал жоқ...» деп өзіме-өзім басу айтқан болдым... «Пәлекет жазаның қатаң түріне соқтыртып жүрмесе» деп шошынып та қоямын.

Ертесінде баяғы Әукең тағы ымдап, жүгіріп шыға қойған маған: «Қорықпа, ана жоғарыдағылар ақылдаса келе әңгімені туралы мәселені жылы жауып біржолалы доғарыпты да, ана әңгіме авторына еш

— Б.э.д. 43 жылы Рим ақыны Публий Овидий Назон — император Августы келемеж еткені үшін Дунайға 9 жылға жер аударылады. Тәжіктің ұлы ақыны Фирдоусидің (934-1025 жылы) «Шахнамасы» сұлтан Махмұдқа ұнамай, пілге таптатып өлтіруге бұйрық беріледі де, ол қашып-пысып жүріп өмірден озған деседі. XVIII ғасырда Вольтер Франциядан қуылған. Жан Поль Маратты памфлеті үшін жарып өлтірген. «Түс» атты сатиралық поэмасы үшін Тарас Шевченко Маңғыстауға жер аударылған. Герцен қудаланды. С.Щедрин 7 жыл айдауда болды. Атақты Чарли Чаплин Швейцарияда өлді.

... Бізден Шорманның Мұстафасы... Жаяу Мұса...

— «Саяси сатира» атты айдар болушы еді бір кездерде. «Фельетонның» көзден бұлбұл ұшқанына не айтар едіңіз?

— Иә, өкінішке қарай, саяси тақырыптарға жазылған әзіл-оспақ, сын-сықақ қазір жоқтың қасы деуге болады. Бұл айдардың дүрілдеген дәуірі социализм дәуірі еді ғой. Ол кезде империализм-капитализм сияқты «нақты» жауың бар болатын. Сол мықтының шаужайына жармасып онды-солды сілтеп, саясатты сарқып іше беруге болатын. Қазір қоғам басқа, алды-артымызды байқамасақ, күнде құбылып тұрған заманда бүгінгі жауың ертеңгі «үзенгі» дос болып шыға келеді...

Ал ішкі саясаттан «сайрап» көрудің де қауқары шамалы. Сен сынап-мінеп мінгірлеп көр, оныңды шыбын шакқан құрлы көрмей жатқан қоғамыңа қарап айта-айта қоясың.

Бір кездердегі фельетон жанрының қай басылымынан болса да көрінбей кеткені рас. Өйткені бұл жауынгер жанр нақты дерек-



Саяси тақырыптарға жазылған әзіл-оспақ, сын-сықақ қазір жоқтың қасы деуге болады. Бұл айдардың дүрілдеген дәуірі социализм дәуірі еді ғой. Ол кезде империализм-капитализм сияқты «нақты» жауың бар болатын. Сол мықтының шаужайына жармасып онды-солды сілтеп, саясатты сарқып іше беруге болатын.



дым... Түні бойы көз ілмей дөңбекшіп шықтым десем болады...

Ертесінде қызметтес Әуез Бейсебаев ымдап шақырып алып: «Пәлекетті естідім... Студенттің арызы ештеңе емес, ана АҚШ-тың «Голос Америки» атты радиосы сенің әңгіменді аударып беріп, СССР-дағы Ленин орденінің сиқы осы» деп көлдей ғып жырлап өтіпті. Ондайды Мәскеу қалт жібере ме, дереу Қонаевқа «мәселенің анық-қанығын анықтаңыз, рас болса, әңгіме авторы, басқалары бар — жаза-

жаза қолданылмасын, қолдана қалсақ, ана дайын отырған радиоға да керегі сол, «ана авторды сөйтіпті де бүйтіпті» деп тағы сайрап шыға келері сөзсіз... Сондықтан ол мәселені қозғаусыз қалдырыңыздар деген тоқтамға келіпті» деп жақсы хабарды айтып, төбемде төніп тұрған бүткіл қара бұлтымды ыдыратқаны бар... Әукеңді қолтықтап алып «Қаламгердің» таңертеңгі алғашқы қонағы болып отыра қалыппыз...

— Сатирамен қуғын-сүргін қатар жүреді дейді. Рас па?





«Хабар» арнасы түсірген «Қара жәшік» сериалы көрерменге жақсы таныс. Қазіргі қоғамның ең өзекті мәселесіне ден қойған бұл сериалды үлкен экранға лайықтап, фильм етіп ұсынған – FROG media. 16 серияға жүк болған киноматериалды 100 минутқа сыйдырған шығармашылық топ, бұл фильм арқылы қоғамға ой тастағысы келгенін айтады.

5 маусым күні Алматы қаласында «Қара жәшік» фильмінің жабық көрсетілімі болды. Полиция капитаны Қайрат өз-

өзіне қол салып қайтыс болған Айым атты қыздың ісін жүргізу барысында мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынастың соншалықты нәзік екеніне көзі жетеді. Бірін-бірі күнде көріп жүрсе де, ата-ана баласынан, мұғалім шәкіртінен, мектептегі оқушылар бір-бірінен тым алыс, тым бөтен. Осы бөтендікті сезген «Қара жәшік» тобындағылар қоғамның жабырқау тобын одан сайын адастырады. Дегенмен олай адасуға айналадағы адамдардың барлығының аз-аздан болса да қатысы бардай... Фильмді көріп отырып Абайдың «Адам баласын

заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» деген аталы сөзі ойға оралды.

«Хабар» арнасынан көрсетілген сериалдың идея авторы Берік Уәли, продюсері Нартай Сауданбекұлы, режиссері Әсет Жұмахан. Рөлдерде: Нартай Сауданбекұлы, Жасұлан Әйтинов, Айжан Назарханқызы, Мерей Мақажан, Алтынай Нөгербек, Ермек Шынболатов, Сырым Қашқабаяв. Ал сериалды фильмге айналдыру ісін қолға алған – продюсер Азамат Атагелді.

Өзіне-өзі қол жұмсағысы келетіндер мәселенің шешімін таптық деп ойлағанымен, жақындарының қалай қиналатынын түсінбейді.

#### Нартай САУДАНБЕКҰЛЫ:

– Біз қазір жұмыс, табыс деп дүние қуып кеттік. Дүние қуғанымыз сонша, бала-шағаға, қала берді айналадағы адамдарға көңіл бөлуден қалдық. Сериалдың негізгі жас шектеуі 16+, бірақ ол көрсетіле бастаған соң, қоғамдық орындарда мені 1-2 сыныптың балалары танып жатыр. Бұл – балалар еш шектеусіз YouTube-та отыр деген сөз. Ал YouTube-та бала санасына кері әсер ететін контенттің алуан түрі бар, біз балалардың қолына қорқынышты затты беріп қойып қарап отырмыз.

– Сериал шығып кеткен соң, фильм көрермен жинай алмай қалады деген қорқыныш жоқ па?

– Жоқ. Өйткені біздің негізгі мақсат – сериалда, фильмде көтерілген мәселеге қоғамның, ата-ананың, мемлекеттің тізгінін ұстаған идеологияға жауапты адамдардың назарын аудару. Фильм қоғамды өзгертіп жібермейді, ол тек ой салады. «Біз 20 миллион ғана бола тұра, неге суицидтен алдыңғы қатарда жүрміз?» деген сауалды қояды.

#### Азамат АТАГЕЛДІ:

– Мұнда шығармашылықтың негізі сериалда болды. Ал фильм ол идеологиялық құрал ретінде

қазіргі көп мәселеге көңіл аударту мақсатымен жарыққа шықты. Қоғамға ой тастайтын кез келген туынды міндетті түрде көрермен жинай алады. Ол үлкен экран ба, телеарна ма, YouTube па маңызды емес, ең маңыздысы – оның айтар ойында.

Бұл фильмді 16+ деп алдық, дегенмен одан кіші балалар ата-анасымен бірге көргені жөн. Себебі адамдардың ойсыз жасаған әрекеті, баланың қате шешім шығаруына себеп болмауы керек. Қоғамда диалог орнауы керек. Ортақ пікір сол кезде ғана пайда болады.

#### Әсем АЛИКЕНОВА,

көрермен (20 жасар студент):

– Қазір Қазақстан суицид бойынша алдыңғы қатарда екенін білеміз. Бұл фильмді көз жасын төкпей көру мүмкін емес. Жастар мұны көру керек деп есептеймін, себебі оны көрген соң, өлім мәселенің шешімі емес екенін түсінеді деп санаймын. Өзіне-өзі қол жұмсағысы келетіндер мәселенің шешімін таптық деп ойлағанымен, жақындарының қалай қиналатынын түсінбейді.

Н.ДУТБАЕВА

## ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ТАНЫСТЫРДЫ

Түркияның Ыстанбұл қаласында өтіп жатқан VI Этноспорт мәдени фестиваліне қазақстандық делегация қатысып жатыр. Төрт күнге жалғасатын шарада аударыспақ және теңге ілу федерациясының спортшылары өнер көрсетті.



Этноспорт мәдени фестиваліне биыл 20-дан астам елден 1 000-нан астам спортшы мен мәдениет саласының өкілдері қатысып жатыр. Оның аясында дәстүрлі спорт түрлері бойынша сайыстар, ұлттық салт-дәстүрлер, колөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдар көрмесі өтіп, дәстүрлі музыка және дәстүрлі балалар ойындары ойналды. Сондай-ақ қонақтар күзде Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары стилінде безендірілген қазақстандықтар тіккен киіз үйді тамашалады.

Ыстанбұлдағы фестивалде қазақстандық палуандар Біржан Қосалиев пен Сырым Избасаров аударыспақ спорты бойынша өнер көрсетті. Қос палуан – Қазақстанның және Азияның бірнеше дүркін чемпионы, сондай-ақ II Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпаздары. Сонымен қатар Қазақстан құрамасының мүшелері – Нариман Әсімжан мен Азат Түлкібай Түркия төрінде ұлттық спортымыз теңге ілуді таныстырды.

## СМЕТОВ ПАРИЖГЕ БАРАДЫ

Алматыда 60 келі салмақта дзюдодан өткізілген Олимпиадаға іріктеу турнирі аяқталды. Қазақстандық танымал дзюдошы Елдос Сметов шешуші белдесуде Нұрқанат Серікбаевты жеңіп, төртжылдықтың басты додасына лицензия ұтып алды.



Елдос алғашқы кездесуінде Мағжан Шамшадинді сан соқтырды. Нұрқанат Серікбаев та іріктеу турнирінде М. Шамшадиннен басым түсіп, Олимпиада жолдамасына таласуға мүмкіндік алған еді. Алайда тәжірибелі спортшы Елдос

Сметов бозкілемдегі ширақтығының арқасында Waza-Agi ұпайын еншілеп, үшінші рет Олимпиадаға бару мүмкіндігіне ие болды. Сметов бұған дейін Рио Олимпиадасында күміс, Токио Олимпиадасында қола медаль иеленген болатын.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС  
Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді КҮРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағатхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баиян ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

#### «АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ІНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғас ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4457  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Славеті көшесі 30,  
т.а.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болшақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,